3. Cherkasova E.L., Morgacheva E.N. Identification of special educational needs of schoolchildren with disabilities at the level of basic general education. - М.: National Book Center, 2016. – 163 p.
4. Zimonina L.P. Inclusive teaching of chemistry in a general education school, 2016. – 116 p.
5. Bordovskaya, N.V. Modern educational technologies / N.V. Bordovskaya, L.A. Darinskaya. - М.: Knorus, 2017. – 269 p.
6. Selevko G.K. Technologies of education and training of children with problems. М.: Research Institute of School Technologies, 2015. – 144 p.
7. Chernobelskaya, G.M. Methods of teaching chemistry in high school. / G. MyuChernobelskaya - М.: VLADOS, 2017. – 197 p.
8. Gabrielyan O.S., Berezkin P.N., Ushakova A.A. etc. Chemistry. Grade 8: control and verification work for the textbook by O.S. Gabrielyan "Chemistry. 8th grade. Basic level" / O.S. Gabrielyan, P.N. Berezkin, A.A. Ushakova and others - 2nd ed., stereotype. – М.: Bustard, 2015. – 220 p.
9. Semenova, L.E. Psychological well-being of subjects of inclusive education: teaching aid, 2019. – 84 p.
10. Gavronskaya Yu., Larchenkova L., Kurilova A. Gorozhanina E. Virtual lab model for making online courses more inclusive for students with special educational needs / *International Journal of Emerging Technologies in learning*, 2021, 16(2), 79- 94 p.
11. Goncharova, V.G. Comprehensive medical, psychological and pedagogical support for persons with disabilities in conditions of continuous inclusive education: monograph / Goncharova V.G., Podoprigora V.G., Goncharova S.I., 2015. – 248 p.

МРНТИ 39.21.02  
УДК 433.91.910.1

Т.Д. Мырзалы, С.Қастер

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы қ., Қазақстан

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ ГЕОСАЯСИ ҚАУІПСІЗДІГІН МЕКТЕП ГЕОГРАФИЯСЫНДА ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІН ЖЕТІЛДІРУ

### Аңдатпа

Мақалада зерттелетін, сөз болатын ең басты мәселе – Қазақстанның геосаяси қауіпсіздігі. Оған әсер ететін негізгі факторлардың қандай екендігіне сипаттама берілді. Атап айтар болсақ, еліміздің геосаяси жағдайында, тұрақтылығында, қауіпсіздігінде маңызды роль ойнайтын географиялық, шекаралық, саяси, ресурстық факторларға талдау жасалынды. Соның ішінде шекаралық тұтастықтың маңыздылығына баса назар салдық. Ұлттық қауіпсіздің ұғымына тоқталып, анықтама бере отырып оның еліміздің тұтастығында үлкен роль атқаратындығына тоқталдық. Оған қоса ұлттық қауіпсіздігімізге, Қазақстанның геосаяси қауіпсіздігіне, оның тұрақтылығына әсер ететін екі үлкен негізгі жағдай – біз шекараласатын екі алып мемлекет: Ресей Федерациясы мен Қытай Халық Республикасы екендігін жаздық. Осы аталған екі мемлекет арқылы төнетін қауіп пен әсер ететін факторларға талдау жасадық. Ең бірінші кезекте еліміздің геосаяси жағдайына баға беріп өттік. Геосаяси қауіпсіздікті тұрақтандыру барысын синофобия және русофобия тұрғысынан да қарастырдық. Еліміздегі русофобия мен синофобия себептерін және таралу аймақтарын, әсер ету деңгейіне тоқталдық. Қай ел болмасын қайда орналасқанына қарай сыртқы саясаты мен ахуалы өзгеріп отырады. Яғни, шекаралас мемлекетте болып жатқан жағдайлар міндетті түрде әсерін тигізеді. Бұл ретте Орта Азиядағы кикілжіңдердің Қазақстанның геосаяси қауіпсіздігі мен тұрақтылығына әсерін мысал ретінде жазып отырмыз. Сонымен қатар, Қазақстанның геосаяси қауіпсіздігін мектеп географиясында, атап айтар болсақ - 10, 11-сыныптарда оқыту әдістемесін жетілдіруде қолдануға болатын әдіс-тәсілдердің бірнешеуіне тоқталып өттік. Солардың ішінде геосаяси тақырыптарды ашуда тиімді болатын әдіс ретінде проблемалық оқыту мен дискуссия арқылы оқыту әдісін қарастырдық. Және сонымен қатар картографиялық әдістің де тиімділігін осы тарауда қолдануға болатындығын атап өттік. Мақаланың негізгі мақсаты мектеп бағдарламасындағы геосаясат бөлімінде Қазақстанның геосаяси қауіпсіздігін синофобия мен русофобияның тарихы мен әсер ету жағдайлары тұрғысында қарастыру. Оған қоса мектеп бағдарламасында геосаясат бөлімін оқытудың әдістемелерін жетілдіру болып табылады.

**Кілт сөздер:** Геосаясат, геосаяси қауіпсіздік, синофобия, русофобия, стратегия, деморкация, ұлттық қауіпсіздік, миграция.

Мырзалы Т.Д., Кастер С.

Казахский Национальный Университет имени Абая,  
г. Алматы, Казахстан

## СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ МЕТОДОЛОГИИ ПРЕПОДАВАНИЯ ГЕОПОЛИТИЧЕСКОЙ БЕЗОПАСНОСТИ КАЗАХСТАНА В ШКОЛЬНОЙ ГЕОГРАФИИ

### Аннотация

Геополитическая безопасность Казахстана является важнейшим вопросом, обсуждаемым в статье. Описано, какие основные факторы на это влияют. В частности, были проанализированы географические, пограничные, политические и ресурсные факторы, играющие важную роль в

геополитической ситуации, стабильности и безопасности страны. Среди них мы подчеркнули важность целостности границы. Сосредоточив внимание на понятии национальной безопасности и определив его, мы подчеркнули, что оно играет большую роль в целостности страны. Кроме того, мы писали, что двумя основными условиями, влияющими на нашу национальную безопасность, геополитическую безопасность Казахстана и его стабильность, являются два гигантских государства, с которыми мы граничим: Российская Федерация и Китайская Народная Республика. Мы проанализировали риск и влияющие факторы этих двух состояний. В первую очередь мы оценили геополитическое положение страны. Мы рассмотрели процесс стабилизации геополитической безопасности с точки зрения синофобии и русофобии. Мы сосредоточились на причинах русофобии и синофобии в нашей стране, ареалах распространения и уровне влияния. Внешняя политика и положение любой страны меняется в зависимости от того, где она находится. То есть ситуация в приграничном государстве обязательно повлияет на это. В то же время мы пишем пример влияния конфликтов в Центральной Азии на геополитическую безопасность и стабильность Казахстана. Кроме того, мы сосредоточили внимание на нескольких методах, которые можно использовать для совершенствования методики преподавания геополитической безопасности Казахстана в школьной географии, в частности - в 10-х и 11-х классах.

Среди них мы рассмотрели проблемное обучение и метод обучения через дискуссию как метод, эффективный при раскрытии геополитической тематики. И мы также отметили, что эффективность картографического метода может быть использована в этой главе. Основная цель статьи - рассмотреть геополитическую безопасность Казахстана в контексте истории и влияния синофобии и русофобии в разделе геополитики школьной программы. Кроме того, необходимо усовершенствовать методику преподавания кафедры геополитики в школьной программе.

**Ключевые слова:** геополитика, геополитическая безопасность, синофобия, русофобия, стратегия, деморкация, национальная безопасность, миграция.

*T.D.Myrzaly, S.Kaster  
Abai Kazakh national pedagogical university,  
Almaty, Kazakhstan*

## **IMPROVING THE METHODOLOGY OF TEACHING THE GEOPOLITICAL SECURITY OF KAZAKHSTAN IN SCHOOL GEOGRAPHY**

### *Abstract*

The geopolitical security of Kazakhstan is the most important issue discussed in the article. It is described what main factors influence this. In particular, geographic, border, political and resource factors that play an important role in the geopolitical situation, stability and security of the country were analyzed. Among them, we emphasized the importance of the integrity of the border. By focusing on the concept of national security and defining it, we emphasized that it plays a large role in the integrity of the country. In addition, we wrote that the two main conditions affecting our national security, the geopolitical security of Kazakhstan and its stability, are the two giant states with which we border: the Russian Federation and the People's Republic of China. We analyzed the risk and influencing factors of these two conditions. First of all, we assessed the geopolitical position of the country. We examined the process of stabilizing geopolitical security from the point of view of Sinophobia and Russophobia. We focused on the causes of Russophobia and Sinophobia in our country, the areas of distribution and the level of influence. The foreign policy and position of any country changes depending on where it is located. That is, the situation in the border state will definitely affect this. At the same time, we are writing an example of the impact of conflicts in Central Asia on the geopolitical security and stability of Kazakhstan. In addition, we have focused on several methods that can be used to improve the methodology of teaching the geopolitical security of Kazakhstan in school geography, in particular - in

the 10th and 11th grades. Among them, we considered problem-based learning and the method of learning through discussion as a method that is effective in disclosing geopolitical topics. And we also noted that the effectiveness of the cartographic method can be used in this chapter. The main purpose of the article is to consider the geopolitical security of Kazakhstan in the context of the history and influence of Sinophobia and Russophobia in the geopolitics section of the school curriculum. In addition, it is necessary to improve the teaching methods of the department of geopolitics in the school curriculum.

**Keywords:** geopolitics, geopolitical security, Sinophobia, Russophobia, strategy, demorcation, national security, migration.

**Кіріспе.** Қазіргі әлемдік саясат ғаламдану процесінің қарқынды жүруімен, геосаяси ахуалдың күрделенуімен, тарихи-саяси қайшылықтармен, экономикалық дағдарыстармен, терроризм мен экстремизмнің кең таралуы сияқты халықаралық қауіпсіздікке төнетін қауіп-қатерлердің көбеюімен ерекшеленіп отыр. Қазақстанның ХХІ ғасырдағы тыныс-тіршілігі мен тұрақты дамуы, ұзақ мерзімді мемлекеттік стратегияларын жүзеге асыруы осындай проблемаларды үнемі ескеріп отыруды талап етеді. Әсіресе, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету ерекше маңызға ие. Қазақстандық саяси ғылымның конфликтология саласы бойынша белді маман, профессор Г.Ө. Насимова атап көрсеткендей, қауіпсіздік бөлінбейтін біртұтас ұғым. Бұл - қауіпсіздікке қатысты барлық мәселелер кешенді түрде шешілуі керек дегенді білдіреді. Яғни, ұлттық қауіпсіздікті - мемлекеттіктен, аймақтықты - континенттіктен, континенттікті – жаһандықтан бөлуге болмайды. Бұл, ең алдымен, әлем біртұтас және шоғырлану оның субъектілерінің дамуының басты бағыты болып келеді және қауіпсіздіктің барлық мәселелері өзара тығыз байланысқан, олардың біреуін шешу басқасының алдын ала шешілуін талап етеді [1].

Кең мағынада қауіпсіздік – бұл негізгі құндылықтар мен мүдделерге төнетін қауіп-қатерден қорғалу жағдайы. Көбінесе қауіпсіздікті анықтау кезінде баса назар аударатын жайттар - қаражат пен ұйымдастыру шараларының, мекемелердің, серіктестермен келісімдердің болуы және т.б. Бірақ қауіпсіздікті қамтамасыз етудің бүкіл кешені қауіптердің сипаты мен ауқымымен анықталады, сондықтан «қауіпсіздік» түсінігі «қауіп-олардан қорғану» ұғымымен саяды. Қауіптердің функционалдық түріне және олардан қорғану құралдарына сәйкес қауіпсіздік әскери, экономикалық, саяси, экологиялық, мәдени, ақпараттық болуы мүмкін [2]. Ұлттық қауіпсіздік мемлекеттік саясаттың негізі болып табылатыны баршамызға мәлім Оны ҚР тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаевтың 1997 ж. жолдаған «Қазақстан–2030» стратегиялық даму бағдарламасынан-ақ білуге болады. Жолдаудағы 7 басымдықтың ең алғашқысы - ұлттық қауіпсіздік болды. Ұлттық қауіпсіздікті айтқанда елдің тұтастығы, соның ішінде мемлекет аумағының шекарасының тұтастығы басты назарда. Себебі мемлекет аумағы саяси институт ретінде келесі элементтерді қамтиды :

- Саяси-әкімшілік шекаралар.
- Аумақтық билік және бюрократия.
- Территория тұрғындары [9].

Мемлекеттердің геосаяси жағдайы оның саяси, экономикалық, әскери, демографиялық, интеллектуалдық потенциалымен анықталады. Мемлекеттердің геосаяси жағдайына теңізге шығу мүмкіндіктері, қызмет көрсету деңгейінің дамуы, табиғи және минералдық ресурстарының қазіргі жағдайы мен қорлары, құрлықтық және теңіздік шекараларының болуы, климаттық жағдайы, дүниежүзіндегі еңбек бөлінісі мен халықаралық қатынастар жүйесіндегі орны тікелей әсер етеді [3].

**Талдау мен нәтижелер.** Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігіне ықпал ететін ең басты сыртқы фактор – үшінші дүниежүзілік соғыс қаупі. Аймақта ірі жанжал бола қалса, екі ірі ядролық мемлекет (Ресей мен Қытай) аралығында жатуы Қазақстан үшін қолайсыз салдарға алып келуі мүмкін. Орталық Азия мемлекеттері арасындағы шешілмеген мәселелердің болуы әскери қақтығыстарға себепші болу қаупі бар. Мемлекеттің геосаяси қауіпсіздігі ұлттық қауіпсіздіктің

бөлігі болып табылады. Қазақстанның геосаяси қауіпсіздігіне сыртқы және ішкі факторлар әсер етеді [4].

Ұлттық қауіпсіздікті ішкі және сыртқы деп екіге бөле отырып, сарапшылар (Л.Қ. Бақаев, Е.Т. Қарин, М.Лаумуллин, Д.Мадиярова, т.б.) Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігіне шынайы қауіп төндіруші негізінен ішкі факторлар болатынын көрсетеді.

Ішкі қауіп төндіруші факторларға: әлемдік талаптан алшақ жатқан экономика, төменгі еңбек мәдениеті, халықтың тұрмыс деңгейінің төмендеуі, демократиялық институттардың дамымағандығы, шенеуніктер мен жекелеген мамандардың кәсіби дәрежесінің таяздығы мен белең алған сыбайлас жемқорлық (коррупция), ұйымдасқан қылмыстың өршуі және оның саяси сипат ала бастауы, шағын қалалардың азып-тозуы, ауылдардың күйзелісі, экологияның нашарлауы, демографиялық дағдарыс және тағысын тағылар [1].

Ішкі факторлардың ұлттық қауіпсіздікте негізгі рөл алатындығын елімізде орын алған соңғы жағымсыз жайттар дәлелдейді. Соның бірі «қаңтар оқиғасы» болды. Осы оқиғаның еліміздегі салдары жайлы мәжіліс депутаты Е.Сайыров : «Қазақстанның геосаяси жағдайы өте күрделі. Екі жағымызда екі алпауыт отыр. Екеуі біздің халқымызға тиесілі жерді ХІХ ғасырда бір рет бөліп алған. "Қасіретті қаңтар" кезінде ең басты мәселе Қазақстан Республикасының территориялық тұтастығы болды. Алматыдағы тәртіпсіздіктер тағы екі-үш күнге созылғанда мемлекеттің институттардың "парша-паршасы" шығып, елдіктен түк те қалмас еді. Басқа аймақтарда да әртүрлі ұрандардың болғандығы жасырын емес. Саяси процестің "ливандық үлгісі", мемлекетті ыдыратудың "югославиялық сценарий", "Ауғанстан тұзағының" ауылдары біз үшін алыс болмай шықты.» осылай бағалаған болатын [5].

КСРО ыдырағаннан кейін халықаралық сарапшылардың көпшілігі Қытайдың Орталық Азиядағы ерекше мүдделері, сондай-ақ аймақтағы жас мемлекеттерге төнетін нақты және ықтимал қауіптер туралы айта бастады. Осы арқылы саяси, экономикалық, демографиялық, әскери, ақпараттық және мәдени салалардағы ықтимал қытайлық қауіптерді анықтауға, сондай-ақ олардың шындық дәрежесін анықтауға тырысады. Енді «қытайлық қауіптің» Қазақстанға әсері мен төндіретін қаупіне келсек. Жоғарыда атағынымыздай біз аспан асты елімен шекаралас болғандықтан ол елдегі болып жатқан қандай да бір келеңсіз жағдайлар бізге әсерін бермей қоймайды. Бірақ көп жағдайда бізге қауіп ол елде болып жатқан жағымсыз жайттардан емес, Қытайдың доминантты саясатынан төнеді. Бірақ Қытай мемлекеті ашықтан ашық ешқашанда қауіп-қатер төндірген емес. Түрлі «жұмсақ күштер» мен жобалар арқылы өз ықпалын тигізуде. Бұл қатарға қытайлықтардың мәдени экспансиясы, сауда-саттық қарым-қатынасы, «Бір белдеу, бір жол» стратегиясы сынды бірқатар мысалдар келтіруге болады. Кей жағдайларда Қытайдың жүргізіп отырған стратегиялары мен саясаты қазақ халқы арасында синофобияның өршуіне әкеп соғуда. Бірақ елімізде әзірге синофобияның таралу деңгейі мен аймағы әртүрлі. Оның үстіне синофобиялық көзқарас толық саяси сипатты алған жоқ, тек әлеуметтік сипатта өрбіп жатыр.

Қазақстанның геосаяси жағдайына, оның қауіпсіздігіне еліміз орналасқан Орталық Азиядағы елдер арасындағы күрмеуі шешілмеген мәселелер де өз әсерін берері сөзсіз. (1-кесте) [6].

Қазақстан мен Ресей арасындағы байланыстарда миграцияның ролі басымырақ.

Осы ғасырдың басынан бастап Ресейдегі таза халықаралық экономикалық көші-қон үлгісі белгілі бір тенденцияларды көрсетті. Федералдық көші-қон қызметінің мәліметі бойынша, Ресейдегі әрбір бесінші жоғары білікті мигрант сауда қызметімен айналысатын; квота формальдылығын айналып өту оңай болды жұмыс берушінің араласуы арқылы (ол әдетте сол жақтан келген ел иммиграцияға өтініш беруші ретінде және шетелдікке кім кепілдік берді қызметкер жоғары білікті маманның жалақысын алады). Нәтижесінде 2013 жылдан бастап еңбек нарығындағы бұл бұрмалаулар, жұмыс берушілер мен уәкілетті бөлшек сауда бойынша жоғары білікті мамандарды жұмысқа алуға тыйым салынды. ТМД елдерінен келген мигранттар бұрынғыға қарағанда орыс тілін жетік меңгерген және біліктілігі де біршама жақсы болды [10]. Бірақ көп жағдайда заңсыз миграция, гастарбайтерлік орын алуы салдарынан көп қиындықтар туды. Сонымен қатар, Ресей мен Украина арасында болып жатқан соңғы жағдайлар да Қазақстанды

айналмай өтпеді. Шекаралас жатқан еліміз екі ел арасындағы соғыстардың біршама зардабын көруде. Саяси деңгейде болмаса да әлеуметтік деңгейде көрініп жатыр. Бұл өз кезегінде елімізде русофобия деңгейінің өршуіне әкеп соғуда.

*Кесте 1 – Орта Азиядағы елдер арасындағы кикілжіңдер*

| Елдер                 | Кикілжіңдер                                                                                                                                |
|-----------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Қазақстан-Өзбекстан   | 1. Газ тасымалы<br>2. Аумақтық және шекаралық мәселелер<br>3. Миграциялық ағымдар<br>4. Су ағынының режимі                                 |
| Қазақстан-Қырғызстан  | 1. Сумен жабдықтауды реттеу<br>2. Маусымдық еңбек миграциясы<br>3. Өзбекстаннан келетін газ транзиты<br>4. Мемлекеттік шекара демаркациясы |
| Қазақстан-Тәжікстан   | 1. Есірткі трафигінің өсуі<br>2. Заңсыз миграция<br>3. Ресеймен теміржол байланысы                                                         |
| Қазақстан-Түркменстан | 1. Каспий теңізі мәртебесі                                                                                                                 |
| Өзбекстан-Қырғызстан  | 1. Газбен жабдықтау<br>2. Этнотерриториялық қарсылықтар.<br>3. Экстремизм экспорты.                                                        |
| Өзбекстан-Түркменстан | 1. Газбен жабдықтауда тарифтік бәсеке.<br>2. Ішкі істеріне араласу туралы айыптаулар.                                                      |
| Қырғызстан-Тәжікстан  | 1. Ислам содырларының агрессиясы.<br>2. Су ресурсы мәселесі<br>3. Наркотрафик                                                              |

**Зерттеу материалдары мен әдістер.** Мектеп география курсына оқушыларға «Қазақстанның геосаяси қауіпсіздігі» тақырыбын түсінікті әрі өзекті жеткізу үшін бірқатар әдістерді қолданып өтуге болады. Мысалыға, саяси тақырыптарда пікірталас арқылы тақырыпты меңгеру әдістерін қолдануға болады. Соның бірі: «Бұрыштар» әдісі. Мәселені анықтайды. Оның шешу жолын қарастырады. Әр оқушы мәселеге байланысты өз ойын тұжырымдап, бұрыштарға тарқайды, әрбір бұрышта пікірлері ұқсас оқушылар жиналады. Соңында сәйкесінше әр «бұрыш» өз пікірлері мен ұстанымдарын қорғайды. Осы арқылы дискуссия өрбиді. Дискуссия құра отырып оқыту оқушылардың бойында сыни тұрғыдан ойлау дағдысын дамытуға көмектеседі [7].

Оқушыларға геосаясат негіздері мен геосаяси қауіпсіздік тақырыптарында таңдалған мәселені анықтауда, оны шешуде көмектесетін әрі оң нәтиже беретін әдістің бірі - проблемалық оқыту әдісі деп ойлаймыз. Проблемалық оқыту – бұл дамыта оқытудың бір түрі, мұнда оқушылардың өз бетінше жүйелі түрде ізденіс әрекеттері мен дайын ғылыми қорытындыларды түсінуіне басымдылық беріледі. Ал әдістеме жүйесі мақсат қоя білу және проблемалық ұстанымдар негізінде құрылады, білім беру мен оқыту үрдістері білім алушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастыруға бағытталады.

Проблемалық оқытудың дәріс-семинар жүйесінде оқыту үдерісін басқару осы күнге дейінгі оқыту үдерістеріне талдау жасау, берілетін оқу материалдарын және білім алушылардың оқу және болашақтағы іс-әрекетін жоспарлау, оқыту үрдісін тиімді жоспарлау, оған бақылау жасауды үйлестіру, сондай-ақ оқыту нәтижелерін талқылау және түзетулер енгізу арқылы жүзеге асырылады (2-кесте) [8].



Кесте 2 – Проблемалық оқытудың барысы

| Р/с | Мазмұны                               | Оқу іс-әрекеті                                                              | Нәтиже                                                          |
|-----|---------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------|
| 1.  | Мәселені ұғыну, қарама-қайшылықты ашу | Проблемалық сұрақтағы жасырын қарама-қайшылықты табу.                       | Себеп-салдарлық байланысты орнату, ондағы үйлеспеушілікті табу. |
| 2.  | Гипотеза құру                         | Жауап іздеудің негізгі бағытын гипотеза көмегімен белгілеу.                 | Гипотеза құрастыру.                                             |
| 3.  | Гипотезаны дәлелдеу                   | Гипотезада айтылған болжамдарды дәлелдеу немесе жоққа шығару.               | Гипотезаның негіздемесі.                                        |
| 4.  | Жалпы қорытынды                       | Бұрын тұжырымдалған себеп-салдарлық байланыстарды жаңа мазмұнмен толықтыру. | Себеп-салдарлық байланыстар орнату.                             |

Жоғарыда тандап алынған оқыту әдістері берілген тақырыпқа не мәселеге әртүрлі көзқарастан қарауға көмектеседі.

**Қорытынды.** Қорытындылай келе, бұл мақалада Қазақстанның геосаяси жағдайы, ұлттық қауіпсіздігі, геосаяси қауіпсіздікке әсер ететін факторларға біршама шолу жасалынды. Мектеп географиясында геосаяси қауіпсіздікті оқыту әдістемелеріне де тоқталдық. Енді бұл тақырыпты қорытындыласақ еліміздің ең негізгі тірегі, елдігіміздің ең маңызды белгісі – ол қауіпсіздік пен тұтастық. Уақыт ағымы бар, әлемде орын алып жатқан түрлі оқиғалар тағы бар, бұлардың барлығы да әлемдік аренада өзіндік орны бар Қазақстанға қай жағынан болса да әсер етпей қоймайды. Біздің ең басты мақсатымыз айналамыздағы болып жатқан негативті жайттардың бізге кері әсерін мейлінше азайтып, өз ішімізде түрлі этнофобтардың теріс түсінігіне шектеу қойып біртұтастығымызды сақтап қалу, әрі ұлтаралық қарым-қатынастарды оңтайландыра түсу. Ол үшін бізге саяси сауаттылық қажет. Және ол мектеп уақытысынан қалыптасу қажет. Біздің мақала тақырыбымыздың негізгі мақсаттарының бірі де осы.

**Күтілетін нәтиже.**

Қазақстандағы русофобия мен синофобия тарихы халықаралық экономикалық қатынастардың дамуымен байланысты.

Синофобия қазіргі мемлекеттік геосаясат және геοэкономикалық тұрғыда өте өзекті тақырып.

Оқушыларға дұрыс геосаяси білімді қалыптастыруда, синофобияны оқытудың әдістемелік негізін құрастыру.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Геосаясат – 2010 жылы Алматы қаласы «Қазақ университеті» баспасында басылып шыққан кітап. Кітап авторы/құрастырушысы – Ә.С. Балапанова, Ә.С. Қайдарова, аударған К.Ж. Таужанова. – 297 б.
2. Кулагин В.М. Современная международная безопасность. Учебное пособие. КНОРУС, 2012. – 27 с.
3. Сарқытқан Қ., Мурзинова А. Геосаясат және халықаралық экономикалық қатынастар. Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Естественно-географические науки», №4(54) 2017 г. – 126 с.
4. Каймулдинова К., Абдиманапов Б., Абилмажинова С. 11-сынып оқулығы. Мектеп баспасы. – Алматы, 2019. – 288 б.
5. [https://baq.kz/qazaqstannyn-geosayasi-zhagdayy-ote-kurdeli-sayyrov\\_270391/](https://baq.kz/qazaqstannyn-geosayasi-zhagdayy-ote-kurdeli-sayyrov_270391/)
6. Сарсекеев М. Геополитика и конфликт субрегиональных интересов в Центральной Азии. ИАЖ Саясат Policy. №3, 2006. – 47 с.
7. Абдурасуллина С.К. Методика развития критического мышления. Профессионал Казахстана, наусно-методический журнал. №10(101) 2011 г. – 5 с.

8. Несіпбек Ә., Карбаева Ш.Ш. Қазақстанның киелі геотарихи құндылықтарын тұрақты даму мақсаттары тұрғысынан оқыту әдістемесі. Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Естественно-географические науки», №3(69), 2021 г. – 20 с.

9. Туровский Р.Ф. Центр и регионы: проблемы политических отношений. Гос. Ун-т – Высшая школа экономики. – 2-е изд. – М.: Изд.дом ГУ ВШЭ, 2007. – 399 с.

10. Russia's new concept of the state migration policy until 2025: A reform towards effective policies for international economic migrants? Mihaylova I. Geopolitics, Scopus: History, and International Relations. Издатель: Addleton Academic Publishers. 9(1), pp.176-214, 2017y.

#### References:

1. Geosayasat — 2010 jılı Almatı qalası «Qazaq wñiversiteti» baspasında basılıp şıqqan kitap. Kitap avtorı/qurastırwşısı — Ä. S. Balapanova, Ä. S. Qaydarova, awdarğan K. J. Tawjanova. 297 b .

2. V.M.Kulagin. Sovremennaiia mejdunarodnaia bezopasnöst. Uchebnoe posobie. KNORUS, 2012. 27s

3. Q.Sarqytqan, A.Murzinova. Geosaiiasat jäne halyqaralyq ekonomikalyq qatynastar. Vestnik KazNPU im. Abaia, seria «Estestveno-geograficheskie nauki», №4(54) 2017 g. 126 s

4. Kaimuldinova K., Abdimanapov B., Abilmajinova S. 11-synyp oqulyǵy. Mektep baspasy. Almaty. 2019. 288 b

5. [https://baq.kz/qazaqstannyn-geosayasi-zhagdayy-ote-kurdeli-sayyrov\\_270391/](https://baq.kz/qazaqstannyn-geosayasi-zhagdayy-ote-kurdeli-sayyrov_270391/)

6. M.Sarsekeev. Geopolitika i konflikt subregionälnyh interesov v Senträlnoi Azii. İAJ Saiiasat Policy. №3, 2006. 47 s.

7. S.K.Abdurasullina. Metodika razvitia kritichiskogo myşlenia. Profesional Kazahstana, nausno-metodicheski jurnal. №10, (101) 2011g. 5s

8. Ä.Nesipbek, Ş.Ş. Karbaeva. Qazaqstannyñ kieli geotarihi qūndylyqtaryn tūraqty damu maqsattary tūrǵysynan oqytu ädistemesi. Vestnik KazNPU im. Abaia, seria «Estestveno-geograficheskie nauki», №3(69), 2021 g. 20 s

9. Түровски Р.Ф. Тсентр ı регионы: проблемы политическїх отнoshenu. Гос. Ын-т – Vysshaya shkola ekonomikı. – 2-e izd. – М.: Изд.дом ГЫ VShE, 2007. – 399s

10. Russia's new concept of the state migration policy until 2025: A reform towards effective policies for international economic migrants? Mihaylova I. Geopolitics, Scopus: History, and International Relations. Издатель: Addleton Academic Publishers. 9(1), pp.176-214, 2017y.

ӘОЖ 373.5:91(574)  
МРНТИ 39.15.02

*А.Н. Халикова, К.Д. Каймулдинова*

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы қ., Қазақстан*

## **«ҚАЗАҚСТАННЫҢ КИЕЛІ ЖЕРЛЕР ГЕОГРАФИЯСЫ» ЭЛЕКТИВТІ КУРСЫН ОҚЫТУ ТӘЖІРИБЕСІ**

### *Аңдатпа*

Бұл мақалада автордың Қазақстанның киелі жерлер географиясын оқыту тәжірибесі қарастырылған. «Қазақстанның киелі жерлер географиясы» пәні 2020-2021 оқу жылынан бастап әдістемелік нұсқау хатта көрсетілгендей 10 сынып оқушыларына аптасына 1 сағат факультатив сабақ ретінде жүргізіліп келеді. Қазақстанның киелі жерлер географиясын оқыту арқылы елімізде бір-бірімен байланысып жатқан киелі жерлерді тарихи, рухани мұра ретінде болашақ ұрпаққа жеткізу болып табылады. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының жалпы білім беру жүйесінің алдында рухани бай, бәсекеге қабілетті, адамгершілік тазалықты бойына жинаған, жан-жақты үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу міндеті тұр. Кез келген халықтың дамуының негізі – әрқашанда өткеннің даңқты істерін, мәдениеті мен киелі жерлерін есте сақтап, оны мақтан тұтып, ұрпақтан ұрпаққа жеткізуден бастау алып жатады.

Көп жағдайда география пәні бойынша бағдарламалық материалдарда көне қалалар мен киелі орындарға аз көңіл бөлінеді. Аталған элективті курс мектеп бағдарламасы мазмұнын толықтыруға мүмкіндік береді.

Әдістемелік құралды оқу нәтижесінде әрбір оқушы:

- Қазақстанның киелі жерлер географиясы нені зерттейтінін, даму кезеңдерін, киелі географияның негізгі ұғымдарын білу;

- әртүрлі типтердің ерекшеліктерін ашатын сұрақтарды түсіну; (ескерткіштер, діни және ғибадат орындары, киелі орындар және рухани киелі орындар, олардың Алматы облысының тарихы мен мәдениетіндегі рөлі)

- негізгі терминдер мен ұғымдарды қолдана білу, қолдана білу;

- оқудың, тапсырмаларды шешудің, жүргізудің белсенді тәсілдерін игеру;

Оларға қол жеткізуде жаңа оқу технологияларын пайдалану маңызды рөл атқарады.

**Кілт сөздер:** киелі жерлер, тарихи орындар, сакрализация, ұлттық бірегейлік, рухани жаңғыру.

*Халикова А.Н., Каймулдинова К.Д.*

*Казахский национальный педагогический университет имени Абая,  
г. Алматы, Казахстан*

## **ОПЫТ ПРЕПОДАВАНИЯ ЭЛЕКТИВНОГО КУРСА «САКРАЛЬНАЯ ГЕОГРАФИЯ КАЗАХСТАНА»**

### *Аннотация*

В данной статье рассматривается авторский опыт преподавания географии сакральных мест Казахстана. Предмет «География святых мест Казахстана» преподавался в качестве факультативного урока для учащихся 10-х классов в 2020-2021 учебном году, как указано в письме-инструкции. В данной статье по средством преподавания географии сакральных мест Казахстана даются знания подрастающему поколению о святых местах нашей страны. В настоящее время перед системой общего образования Республики Казахстан стоят задачи

воспитания всесторонне гармонично развитой личности, способной к сохранению духовного богатства, нравственной чистоты, конкурентоспособной, обладающего национальным самосознанием, умеющего ценить образование, способного создать достойную жизнь в 21 веке. Основа развития любого народа – всегда помнить культуру и святыни прошлого, гордиться ими и передавать из поколения в поколение.

В большинстве случаев в учебных материалах по предмету география уделяется мало внимания изучению сакральных мест. Данный элективный курс позволяет дополнить содержание школьной программы.

В результате прочтения методического пособия каждый ученик:

- узнает, что изучает география сакральных мест Казахстана, этапы развития, основные понятия сакральной географии;
- достигнет понимания вопросов, раскрывающих особенности разных типов; (памятники, религиозные и культовые места, святилища и духовные святыне места, их роль в истории и культуре Алматинской области)

- научится использовать и применять основные термины и понятия;

- овладеет активными способами обучения, изучит методы выполнения различных заданий;

Важную роль в их достижении играет использование новых образовательных технологий обучения.

**Ключевые слова:** святыне места, исторические места, освящение, национальная идентичность, духовное возрождение.

*A.N. Khalikova, K.D. Kaymuldinova*

*Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

## **EXPERIENCE OF TEACHING THE ELECTIVE COURSE "SACRED GEOGRAPHY OF KAZAKHSTAN"**

### *Abstract*

This article deals with the author's experience in teaching the geography of sacred places of Kazakhstan. Since the 2020-2021 academic year, the subject "Geography of the Holy Places of Kazakhstan" has been taught as an optional lesson for 10th grade students for 1 hour per week, as indicated in the methodological instruction letter.

By teaching the geography of the holy places of Kazakhstan, the sacred places connected with each other in the country are to be passed on to future generations as a historical and spiritual heritage. Currently, the general education system of the Republic of Kazakhstan faces the task of educating a spiritually rich, competitive, morally pure, comprehensively developed person. The basis of the development of any nation is to always remember the glorious deeds, culture and holy places of the past, to be proud of it and to pass it on from generation to generation.

In most cases, curriculum materials for the subject of geography pay little attention to ancient cities and holy places. This elective course allows to supplement the content of the school program.

As a result of reading the methodological tool, each student:

- to know what the geography of sacred places of Kazakhstan studies, stages of development, basic concepts of sacred geography;

- understanding questions that reveal the characteristics of different types; (monuments, religious and worship places, sanctuaries and spiritual holy places, their role in the history and culture of Almaty region)

- to be able to use basic terms and concepts;

- mastering active ways of studying, solving tasks, conducting;

The use of new educational technologies plays an important role in achieving them.

**Key words:** holy places, historical places, consecration, national identity, spiritual revival.

**Кіріспе.** Біздің еліміздегі киелі жерлер географиясын зерттеу бастамасы 2017 жылғы 12 сәуірдегі "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" бағдарламалық мақаласынан бастау алады [1].

Мақалада ұлттық мұраның негізгі бөлігі болып табылатын "Қазақстанның киелі географиясын" зерделеу кезінде оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру болып табылады, сондай-ақ киелі жерлер туралы білімдерін кейінгі ұрпаққа тарату үшін кеңінен жария етілуі талданады. Қазіргі таңда республика бойынша киелі орындардың тізімі жасалынып, зерттеу жұмыстары жүргізіліп жатқандығы белгілі. Мұндағы мақсат – еліміздегі ұлттық бірегейлік пен құндылықтарды қалқан ретінде пайдаланып, жат идеологияға төтеп беру. Қасиетті орындар – бұл біздің ұрпақтарымызға беруіміз керек мәдени жадымызды сақтайтын орындар. Өзіміз қасиетті санаған орындар өскен ортаның асыл мекені, халық санасындағы биік тұғырлы нысандар саналады [2].

«Сакральды география», «Қасиетті география» терминдерінің екеуі де діни және рухани дәстүрден туындайтын ұғымдар болғандықтан, оның үстіне екеуі де географиямен ландшафтпен тығыз байланысты болғандықтан олар бір-бірімен тығыз байланысты болып келеді [3]. Оқушылардың бұл жерлерді сақтауға және зерттеуге қызығушылықтарын оятып, "Қазақстанның киелі географиясын" зерделеу кезінде зерттеу дағдыларын дамыту маңызды рөл атқарады.

Зерттеу қызметін жүзеге асырудың екі жолы бар. Бірінші жолы – мазмұны оқушыларға зерттеу әдістерін үйрету болып табылатын тұтас сабақтарды бөліп көрсету. Өкінішке орай, бұл уақытты талап етеді. Екінші жолы – оқу барысынан туындайтын және оның құрамдас бөлігі болып табылатын, мазмұн мен қызметтің қажетті бірлігін құрайтын зерттеу қызметінің осындай әдістерін оқу процесіне енгізу. Зерттеу кезеңдерінің құрылымы моделі үш компоненттен тұратын кешен болып табылады. Оларға:

- іздеу белсенділігі; зерттеу қабілеттерінің мотивациялық компонентін сипаттайды, оқушылардың іздеу белсенділігінің болуы іс-әрекеттің мотивтерімен және қызығушылықтың болуымен көрсетіледі;

- дивергентті ойлау деңгейі; дивергентті ойлаудың маңызды сипаттамалары - өнімділік, өзіндік ерекшелік, ойлаудың икемділігі, проблемаларды тұжырымдау, идеяларды қалыптастыру және т.б.;

- конвергентті ойлау деңгейі-логикалық әрекеттер, талдау және синтез негізінде мәселелерді шешу мүмкіндігі жатады.

Зерттеу дағдыларын қалыптастыру барысында жобалық оқыту технологиясының көмегімен оқушыларға арнайы оқу тапсырмалары ұсынылады. Айта кету керек, бұл жеке, бір реттік тапсырмалар ғана емес, оқушылардың зерттеу қабілеттерін дамытуға бағытталған жүйелі жұмысты талап етеді [4].

**Зерттеу материалдары мен әдістері:** Қазақстанның киелі жерлер географиясы элективті курсын оқу тәжірибесінен өткізу мақсатында Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қарғалы №2 мамандандырылған лицейдің 10 сынып оқушыларынан сауалнама алынды.

**Зерттеу мақсаты:** Қазақстанның киелі жерлер географиясының элективті курсын құрастыру арқылы оқушылардың рухани дүниетанымын қалыптастыруды ғылыми әдістемелік негіздеу және ұсынылған әдістеменің тиімділігін дәлелдеу.

Бұл әдістеме арқылы Қазақстанның киелі жерлер географиясы таңдау курсында оқушылар өз жерінің киелі орындары, ескерткіштері жайлы білімдерін терең дамыту арқылы рухани дүниетанымын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Киелі жерлер жалпыға бірдей танылған екі санатқа бөлінеді. Олар:

- жалпыұлттық киелі орындар;

- аймақтық нысандар.

Киелі жерлерді ерекшеліктері бойынша бес блокқа жіктеуге болады:

- ерекше құрметке ие ескерткіштер табиғи мұра (мәдени ландшафт);

- археологиялық және архитектуралық ескерткіштер;

- ортағасырлық ірі қалалық орталықтар мен қазақ хандығының астаналары;

- діни және діни нысандар-ғибадат ету орындары;

- қасиетті орындар тарихи тұлғалармен байланысты киелі орындар;
- тарихи және саяси оқиғалардан тұрады [5, 10].

"Киелі ресурстарды туристік мақсаттарда пайдалану мүмкіндіктері" блогы бағалаудың келесі көрсеткіштерін қамтиды:

- мемориалдық маңыздылығы;
- бірегейлігі, құндылығы;
- тарихнамалық маңыздылығы;
- сақталуы, көрсетуге жарамдылығы;
- көліктік қолжетімділік;
- ақпараттық қамтамасыз ету және танылу;
- киелі маңызы бар туристік маршруттардың жеткілікті саны;
- қазіргі заманғы желіде экскурсиялық маршруттарды пайдалану;
- сабаққа қатысу тәжірибесімен байланыс;
- туристік жүктеме және аумақты игеру;
- сыйымдылығы, аттрактивтілігі;
- қауіпсіздігі (объектілердің жай-күйі);
- игерудің технологиялылығы; киелі объектілердің әсер ету радиусын жатқызуға болады.

[7-9]

**Зерттеу нәтижесі және талқылау.** 2021-2022 оқу жылына арналған Әдістемелік нұсқау хатта көрсетілгендей 10 сынып оқушыларына аптасына 1 сағаттық Қазақстанның киелі жерлер географиясы таңдау курсы өтілсін деп міндеттелінген. Бұл жобаны жүзеге асыруда дайын әдістемелік құралдар мен оқулықтардың болмауы пән мұғалімдеріне қиындық туғызды. Қажеттіліктің туындауына байланысты эксперимент үшін Қазақстанның киелі жерлер географиясы таңдау курсы сабағына Алматы облысының мысалында оқу әдістемесін құрастырдым. Бұл нұсқаны мен Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қарғалы №2 мамандандырылған лицейдің 10 сынып оқушыларына 2 жылдан бері қолданып келемін. Бұл әдістеменің ерекшелігі – туған өлкесінің тарихын кеңінен білу үшін көзбен көріп, санаға сіңіру мақсатында сол өңірдегі киелі орындар, ескерткіштер, мәдениет ошақтары таңдап алынды. Сабақ барысында оқушылар өлкеміздегі киелі орындардың, ескерткіштердің салынуы және оның ғылыми тұрғыда зерттелуі туралы мәлімет ала алады. Бұл таңдау курсы оқушылардың Қазақстанның киелі жерлер туралы танымын кеңейтіп, патриоттық сезімінің ұлғайтып, туған өлкесі туралы түсініктерін нығайтуға көмектесері сөзсіз.

Мектеп курсы бойынша Қазақстанның киелі жерлер географиясының оқыту әдістемесінің мазмұны мына бөлімдерден тұрады.

Кіріспе.

1-бөлімде. Киелі жерлер географиясының зерттеу нысандары. Қасиетті география-негізгі ұғымдар. Қазақстанның киелі орындары.

2-ші бөлімде Ерекше табиғи ескерткіштер. Аумақтағы ерекше құрметті табиғи мұра ескерткіштері.

3-ші бөлімде. Археологиялық және архитектуралық ескерткіштер. Алматы облысы аумағындағы археологиялық ескерткіштер

4-ші бөлімде. Алматы облысының аумағында ғибадат ету орындары болып табылатын діни және ғибадат объектілері.

5-шы бөлімде. Тарихи тұлғалармен байланысты қасиетті орындар.

Әдістемені оқушыларға ұсынар алдын оқушылармен Қазақстанның қандай киелі жерлерін білесіндер деген тақырыпта әңгіме - сұхбат болды. Оқушылардың ойы бойынша киелі жерлер туризмге әкеледі екен. Егер туризмді жақсы дамытса, онда Қазақстанның экономикасы да жоғарлайды деген қорытындыға келді. Оқушылардан киелі жерлерді қаншалықты білетіндігін анықтау мақсатында сауалнама алынды.

## Кесте 1 – Сауалнама «Киелі жерлерге саяхат»

|    | Киелі жерлер атауы                               | ия   | бардым | жок | бармадым |
|----|--------------------------------------------------|------|--------|-----|----------|
| 1  | «Жер кіндігі» (Үңгіртас) деген жерді білесін бе? | 10%  | -      | 90% | 100%     |
| 2  | Құртқа тәуіп кесенісін білесін бе?               | 5%   | -      | 95% | 100%     |
| 3  | Таңбалы тас мемлекеттік қорығын білесін бе?      | 100% | 95%    | 0%  | 5%       |
| 4  | Суықтөбе тауын білесің бе?                       | 95%  | -      | 5%  | 100%     |
| 5  | Қарасай батыр кесенесін білесің бе?              | 100% | 20%    | 0%  | 80%      |
| 6  | Шарын шатқалын білесін бе?                       | 100% | 55%    | 0%  | 45%      |
| 7  | Сақ қорғанын қайда орналасатынын белесін бе?     | 80%  | 15%    | 20% | 75%      |
| 8  | Есік қорғанын туралы естігенің бар ма?           | 100% | 5%     | -   | 95%      |
| 9  | Қара каньон дегенді білесін бе?                  | 95%  | 45%    | 5%  | 55%      |
| 10 | Көлсайға барып көрдің бе?                        | 95%  | 45%    | 5%  | 55%      |

Сауалнама қорытындысы бойынша көп оқушылар Алматы облысында тұрсада сол төңіректе орналасқан киелі жерлерді білмейді, көбісі барып көрмегендігін көруге болады. Киелі, қасиетті жерді анықтаудың түпкілікті мәні – туған өлкеңді тану, түсіну, бағалау, оған деген махаббат пен сүйіспеншілікті тереңдету сынды патриоттық сезімдерін ояту.

Алматы облысы – еліміздің оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан әкімшілік-аумақтық аймақ. Жер аумағы 105,3 мың км<sup>2</sup>. Облыс халқының саны 1 478 496 адам (2022 жылғы мәлімет бойынша). Облыс орталығы 2022 жылдан бастап Қонаев қаласы. Батысы Жамбыл облысымен, солтүстігі Балқаш көлі арқылы Қарағанды облысымен, солтүстік шығысы Жетісу облысымен, шығысы Қытаймен, оңтүстігі Қырғызстанмен шектеседі. Алматы облысының құрамына 9 әкімшілік – аумақтық бөлініс кіреді: Балқаш ауданы, Еңбекшіқазақ ауданы, Жамбыл ауданы, Кеген ауданы, Қарасай ауданы, Райымбек ауданы, Талғар ауданы, Ұйғыр ауданы мен Іле аудандары. Облыс аумағында 380 елді мекен орналасқан.

Алматы облысының аумағы ежелден адам баласын қызықтырып келеді. Ең ерте кезге жататын археологиялық ескерткіштер тас дәуіріне жатады. Облыс аумағынан бірнеше палеолиттік тұрақтар анықталған. Кейінгі палеолитпен мерзімделінетін олардың бірі – Қарғалы маңындағы Майбұлақ ескерткіші. Қазба барысында ежелгі адамдардың тас құралдары, ошақ орындары анықталған. Тас дәуірінің тұрақтарынан табылған материалдар байырғы адамдар үшін осы өңір қасиетті мекен болғандығын, бұл жерде олардың тіршілік етіп, өсіп-өнгендігін, жануарларға, рухтарға, түрлі табиғи күштерге табынғандығын дәлелдейді. Осы нысандарды оқушыларға таныстыру барысында әр ауданның киелі жерлері бейнеленген макеттер пайдаланылды. Макеттегі нысандарға QR код орналастырылған, сол арқылы оқушылар нысан туралы толық мәліметтер ала алады (сурет 1).

Оқушылар жобалық оқыту технологиясының көмегімен өздеріне бекітілген тақырыптар бойынша мәліметтер жинап, зерттеп, жоба жұмысын қорғайды. Ол арқылы оқушы ізденісінің соңғы нәтижесін көруге болады.





Сурет 1. Әр ауданның киелі жерлері бейнеленген макеттер

Алматы облысындағы орналасқан кейбір киелі орындар мен ескерткіштер тізбесі 1-кестеде берілді.

Кесте 2 – Алматы облысында орналасқан киелі жерлер тізімі

| №  | Киелі орындар мен ескерткіштер         | Орналасқан жері                 |
|----|----------------------------------------|---------------------------------|
| 1  | Танбалы (Тамғалы) археологиялық кешені | Жамбыл ауданы                   |
| 2  | Жер кіндігі                            | Жамбыл ауданы                   |
| 3  | Құртқа тәуіп кесенесі                  | Жамбыл ауданы, Қазыбекбек ауылы |
| 4  | Сарыбай Би                             | Жамбыл ауданы                   |
| 5  | Қайназар ата                           | Жамбыл ауданы                   |
| 6  | Сүйінбай Аронұлы.                      | Жамбыл ауданы                   |
| 7  | Ж.Жабаев кесенесі                      | Жамбыл ауданы                   |
| 8  | Түктібай ата кесенесі                  | Жамбыл ауданы                   |
| 9  | Наурызбай батыр кесенеесі              | Жамбыл ауданы, Дегерес ауылы    |
| 10 | Аңырақай шайқасына арналған ескерткіш  | Қарасай ауданы, Шамалған ауылы  |
| 11 | Есік сақ қорғаны                       | Еңбекшіқазақ ауданы             |
| 12 | Шарын каньоны                          | Кеген ауданы                    |
| 13 | Қайыңды                                | Кеген ауданы                    |
| 14 | Әлмерек баба кесенесі                  | Талғар ауданы                   |
| 15 | Ереуіл төбе ескерткіші                 | Райымбек ауданы                 |
| 16 | "Хан-Тәңірі" шыңы                      | Райымбек ауданы                 |

Алматы облысында киелі жерлер өте көп, сонын бірнешеуіне тоқталайық.

**"Тамғалы" петроглифтері.** Алматыдан солтүстік-батысқа қарай 170 шақырым жерде, Қарабастау ауылынан 5 шақырым жерде тарихи-мәдени мұра ескерткіштерінің аттас археологиялық кешен. Ол Тамғалы шатқалы орналасқан. Оған әртүрлі тарихи дәуірлерге жататын елді мекендер, қорымдар, құрбандық үстелдері, карьерлер кіреді. Бірақ оның басты тартымдылығы тас немесе металл мылтықтармен соғылған орта қола дәуіріндегі 5000-нан астам петроглифтер табылған. Олардың барлығы 48 тәуелсіз кешенге бөлінген.

Жартас өнерінің шынайы үлгісі – би билейтін және дұға ететін адамдардың кішкентай бейнелерінің үстіне соғылған "күнбағыс" құдайларының алты бейнесі бар үлкен жазықтық. Ерте



петроглифтердің үлкен мөлшері, олардың ерекше бейнелеу мазмұны мен иконографиясы оларды Орталық Азияның жартас өнерінің ең құнды бейнелерімен қатар орналастырады.

2004 жылы "Тамғалы археологиялық ландшафтының петроглифтері" ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұра тізіміне енгізілді. Сондай-ақ, таңбалы бірегей археологиялық кешені ("Тамғалы") Алматы облысынан Қазақстанның 100 қасиетті нысандарының тізіміне енгізілген.

**Боралдай қорғандары.** Қазіргі Алматы мен Алматы облысының бүкіл аумағы ежелгі уақытта ұлы көшпелі өркениеттің, бүкіл Сақ әлемі үшін рухани және қасиетті орталық болған. Бұл жерлерде сақтар өздерінің басшылары мен атақты жауынгерлерін жерленген. Боралдай қорғандары осылай пайда болды. Бұл үдеріс мыңдаған жылдарға созылды, егер ең көне қорымдар б.з. д. VIII ғасырға жататын болса, онда кейінірек б.з.д. III ғасырға жатады. Алматы әлемдегі осындай үлкен көлемдегі ежелгі қорым сақталған жалғыз ірі аймаққа жатады.

**Есік қорғаны.** Есік қорғаны – Алматы қаласынан шығысқа қарай 50 шақырым жерде Есік тау өзенінің сол жағалауында орналасқан қорым кешенінің бөлігі. Қорым б.з. д. V-IV ғасырларға жатады және сақ мәдениетіне жатады.

Есік қорғаны қорымның диаметрі 60 метр, биіктігі 6 метрге жуық. Қорғанның ішінде екі жерлеу камерасы бар: орталық және бүйір. Орталық бірнеше рет тоналды. Бүйір қабірі бұзылмай қалды, жерлеу және жерлеу құралдары толығымен сақталды. Жерлеу камерасы өңделген шырша бөренелерінен тұрғызылды. Қорым диаметрі 30-дан 90-ға дейін және биіктігі 4-тен 15 метрге дейінгі 45 үлкен патша қорғандарынан тұрады. Қорымның жалпы ауданы - 3 шаршы шақырым. Боралдай қорғаны мен Есік қорған - қорымы Алматы қаласы мен Алматы облысынан Қазақстанның 100 киелі нысандарының тізіміне енді.

**Сақ қорғаны.** Сақ қорғаны бүкіл әлемге кеңінен танымал және 1969 жылы Алматы облысының Есік қаласының шетінде қазылған. Оның астында шырша бөренелерімен көмкерілген қабірде ағаш еденде алтын тақтайшалармен (Алтын жауынгер) жабылған киіммен сақ жауынгерінің қалдықтары жатты. Оның басына күн құдайын бейнелейтін қанатты жылқылардың суреттерімен безендірілген биік үшкір қалпақ киілді. Ұзын қылыш пен қысқа қанжар оның қару-жарағын құрады.

Бүкіл әлемге "Алтын адам" деген атпен белгілі қорғаннан табылған жауынгер егемен Қазақстанның өзіндік символына, қазіргі қазақтардың ата-бабалары болып саналатын сақтар, ғұндар, үйсіндер, қыпшақтар өмір сүрген заман байланысының және жер бірлігінің бейнесіне айналды. "Алтын жауынгердің" көшірмелері Қазақстанның түрлі қалаларының көптеген мұражайларында қойылған.

**Шарын каньоны.** Шарын каньонының геологиялық жасы шамамен 30 миллион жылдан асады. Шарын каньоны 200 шақырымға созылды, ал оның биіктігі 100 және 300 метрден асады. Сондай-ақ, онда көптеген үңгірлер, үлкен жарықтар бар. Каньонның фантастикасы әртүрлі түстер мен реңктердің таңқаларлық қосылыстарымен толықтырылған.

Сонымен киелі жерлерге табиғи ландшафт пен мәдени мұраның ерекше қасиетті ескерткіштері, сондай-ақ тарихи және саяси оқиғаларға байланысты орындар жатады [6].

**Қорытынды.** Қорытындылай келе, Қазақстанның киелі жерлері қаншама ғасырлар өтсе де, халқымызды рухани жұтаңдықтан сақтайтын символдық қалқан, әрі ұлттық мақтанышымыз деуге болады. Қазақ жері ертеден көшпелі шаруашылықтан бастап, қаншама тарихи оқиғаларды басынан өткізген жер. Осындай киелі жерлерге қатысты қаншама аңыз-әңгімелер бар. Осы киелі жерлерімізді жас ұрпаққа насихаттап, жеткізе білсек, еліміздің де танымалдығы арта берері анық. Қазақстанның киелі жерлер географиясын оқыту арқылы оқушылардың өзіндік дүниетанымын қалыптастыруға, өмірде дұрыс жолды таңдауына, рухани дамуына, өз Отанының патриоты болуға тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Назарбаев Н.Ә. *Болашаққа бағдар: қоғамдық сананы жаңғырту. /Егемен Қазақстан. 2017. – 12 сәуір.*

2. Жалпыұлттық маңызы бар Қазақстанның киелі объектілері. – Астана: Фолиант, 2017. – 496 б.
3. *Sacred Places*. Edited By David L. Carmichael, Jane Hubert, Brian Reeves, Audhild Schanche - London: Routledge, 1994. – 324 p.
4. *Spica Vol. IV No. 2 Autumn 2016 sacred geography*. Anthony Thorley and Bernadette Brady, *Sacred Geography: a conceptual work in progress Methodology in Sacred Geography*
5. Тарих. Еріген. Тағылым. URL: [www.kozhalar.kz/20174088-v-kazahstane-sejchas-idet-bum-svyatyh-mest](http://www.kozhalar.kz/20174088-v-kazahstane-sejchas-idet-bum-svyatyh-mest)
6. Қасиетті Қазақстан. I том. – Алматы: «Арыс», 2017. – 480 бет.
7. Гудковских М. В. Туристік-рекреациялық кешенді бағалау әдістемесі. Географиялық Хабаршы. – 2017. – № 1 (40). – 102-116 ББ.
8. Кусков А.С. Туристік ресурстану. – М.: «Academy» баспа орталығы, 2008. – 208 б.
9. Веденин Ю.А. Аумақтық рекреациялық жүйелердің динамикасы. – М.: Ғылым, 1982. – 190.
10. Молдабекова Ж.Ж., Шашаева Г.К. Қазақ халқының рухани мұрасы қоғам мәдениетін жаңартудың біріктіруші идеясы және факторы ретінде. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. – Алматы, 2008.

#### References:

1. N. A. Nazarbayev *Orientation to the Future: Modernization of Public Consciousness*. Egemen Kazakhstan. - 2017. - April 12.
2. *Holy objects of Kazakhstan of national importance*. - Astana: Foliant, 2017. - 496 p.
3. *Sacred Places*. Edited By David L. Carmichael, Jane Hubert, Brian Reeves, Audhild Schanche - London: Routledge, 1994. - 324 p.
4. *Spica Vol. IV No. 2 Autumn 2016 sacred geography*. Anthony Thorley and Bernadette Brady, *Sacred Geography: a conceptual work in progress Methodology in Sacred Geography*
5. *History. Dissolved. Education*. – URL: [www.kozhalar.kz/20174088-v-kazahstane-sejchas-idet-bum-svyatyh-mest](http://www.kozhalar.kz/20174088-v-kazahstane-sejchas-idet-bum-svyatyh-mest)
6. *Holy Kazakhstan. Volume I*. - Almaty: "Arys", 2017. - 480 pages.
7. Gudkovskih M. C. *Evaluation methodology of the tourist-recreational complex Potential*. Geographical messenger. — 2017. — No. 1 (40). — 102-116 BB.
8. Kuskov A. S. *Tourism resource study*. — M.: «Academy» publishing center, 2008. — 208 p.
9. Vedenin Yu. A. *Dynamics of territorial recreation systems*. — M.: Science, 1982. — 190.
10. Moldabekova Zh. Zh., Shashaeva G.K. *The spiritual heritage of the Kazakh people as a unifying idea and factor in the renewal of public culture*. Al-Farabi Kazakh National University. Almaty, 2008.

УДК 372.85  
МРНТИ 14.25.09

*Б.М. Мұса, А.К. Абишева*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Алматы қ., Қазақстан*

## **ХИМИЯ ПӘНІНДЕГІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІККЕ БАҒЫТТАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ОҚУ-ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

### *Аңдатпа*

Зерттеудің қажеттілігі құзыреттілікке бағытталған тапсырмаларды қолдану арқылы білім алушыларда танымдық оқу әрекеттерін қалыптастыру бойынша қызметті ұйымдастыру шарттарының жеткіліксіз дамуына негізделген. Жоғарыда айтылғандай танымдық оқу әрекеттерін қалыптастыру мәселесінде құзыреттілікке бағытталған тапсырмаларды қолдану қосымша зерттеулерді қажет етеді. Осылайша, бірқатар қарама-қайшылықтар анықталды: білім алушыларға қоғамның қазіргі талаптарына сай болуы үшін танымдық оқу әрекеттерін жеткілікті түрде дамыту керек, бірақ орта мектепте химия пәнін оқыту процесінде танымдық оқу әрекетін дамыту мәселесі педагогикалық теория мен практикада жеткіліксіз зерттелген. Бұл қарама-қайшылықтар зерттеу тақырыбының өзектілігін көрсетеді және оның мәселесін тұжырымдауға мүмкіндік береді: білім алушыларда танымдық оқу әрекеттерін қалыптастыру үшін құзыреттілікке бағытталған тапсырмалар қандай болуы керек?

Танымдық оқу әрекетін қалыптастыру үшін білім алушылардың келесі шарттармен оқу қызметі ұйымдастырылды. Біріншіден, "Қызықты химия" үйірмесін әзірлеу және өткізу. Екіншіден, құзыреттілікке бағытталған тапсырмалардың нақты түрлерін пайдалану негізінде жұмыс құру. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс оң нәтиже берді. Зерттеудің маңыздылығы: мақала материалдары мектеп химия мұғалімдері үшін пайдалы болуы мүмкін.

**Түйін сөздер:** құзыреттілікке бағытталған тапсырмалар, танымдық оқу әрекеттері, химияны оқыту.

*Мұса Б.М., Абишева А.К.*

*Казахский национальный университет им. Аль-Фараби  
Алматы, Казахстан*

## **ФОРМИРОВАНИЕ ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ УЧЕБНО-ВОСПИТАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ УЧАЩИХСЯ ЧЕРЕЗ КОМПЕТЕНТНОСТНО-ОРИЕНТИРОВАННЫЕ ЗАДАНИЯ ПО ХИМИИ**

### *Аннотация*

Необходимость исследования обусловлена недостаточным развитием условий организации деятельности по формированию познавательной учебной деятельности у обучающихся с использованием компетентностно-ориентированных заданий. Использование компетентностно-ориентированных заданий в вопросе формирования познавательной учебной деятельности, как уже отмечалось, требует дополнительных исследований. Таким образом, выявлен ряд противоречий: обучающимся необходимо адекватно развивать познавательную учебную деятельность, чтобы она соответствовала современным требованиям общества, но проблема развития познавательной учебной деятельности в процессе преподавания химии в средней школе недостаточно изучена в педагогической теории и практике. Эти противоречия отражают актуальность темы исследования и позволяют сформулировать его проблему: какими должны

быть компетентностно-ориентированные задания для формирования познавательной учебной деятельности у обучающихся?

Для формирования познавательной учебной деятельности была организована учебная деятельность обучающихся на следующих условиях. Во-первых, разработка и проведение кружка "интересная химия". Во-вторых, создание работы на основе использования конкретных видов компетентностно-ориентированных задач. Опытно-экспериментальная работа дала положительные результаты. Важность исследования: материалы статьи могут быть полезны школьным учителям химии.

**Ключевые слова:** компетентностно-ориентированные задания, познавательные учебные действия, преподавание химии.

*B.M.Musa, A.K. Abisheva  
Al-Farabi Kazakh National University  
Almaty, Kazakhstan*

## **FORMATION OF COGNITIVE EDUCATIONAL ACTIVITY OF STUDENTS THROUGH COMPETENCE-ORIENTED TASKS IN CHEMISTRY**

### *Abstract*

The need for research is due to the insufficient development of the conditions for organizing activities for the formation of cognitive learning activities in students using competence-oriented tasks. The use of competence-oriented tasks in the formation of cognitive learning activities, as already noted, requires additional research. Thus, a number of contradictions have been identified: students need to adequately develop cognitive educational activity so that it meets the modern requirements of society, but the problem of the development of cognitive educational activity in the process of teaching chemistry in secondary school is insufficiently studied in pedagogical theory and practice. These contradictions reflect the relevance of the research topic and allow us to formulate its problem: what should be the competence-oriented tasks for the formation of cognitive learning activities among students?

For the formation of cognitive educational activity, the educational activity of students was organized under the following conditions. Firstly, the development and holding of the "interesting chemistry" circle. Secondly, the creation of work based on the use of specific types of competence-oriented tasks. Experimental work has yielded positive results. Importance of the research: the materials of the article can be useful for school chemistry teachers.

**Keywords:** competence-oriented tasks, cognitive learning activities, teaching chemistry.

**Кіріспе.** Қазіргі мектеп оқушысы жиі келесі мәселелерге тап болады: ақпараттың көптігінен оны сәйкесінше бағалау және қолдану қабілетіне ие емес, көбінесе оқу мотивациясы жоқ, белгілі бір тапсырманы қалай бастау керектігін білмейді, шешім қабылдау әдісін іздейді, қателесуден қорқады. Оқушылардың нақты өмірден қорқуын азайту үшін қазіргі мектеп химиялық білім беру мазмұнына көзқарасын өзгертеді. Т.А. Папикян атап өткендей, қазіргі мектеп оқушысы жан-жақты және өзгермелі жағдайларға икемді болуы керек [1]. Танымдық оқу-әрекеттерін (ТОӘ) қалыптастыру негізгі мектептегі білім беру бағытындағы басымдықтардың біріне айналуға.

ТОӘ көбінесе "оқу қабілеті" ретінде анықталады, ал оқу қабілеті-бұл ең алдымен оқушылардың танымдық іс-әрекетін дамыту. ТОӘ - қоршаған әлемді тану тәсілдерінің жүйесі, өз ізденісін құру, зерттеу және алынған ақпаратты өңдеу, жүйелеу, жалпылау және пайдалану жөніндегі операциялардың жиынтығы.

ТОӘ қалыптастыру әдістерінің бірі-құзыреттілікке бағытталған тапсырмаларды қолдану. О.А. Қарабанова, А.А. Вихман, А.Ю. Попов, С.В. Чопова және т.б. тікелей ТОӘ-ін зерттеу мәселесіне айтарлықтай үлес қосты. Олар мотивациялық танымдық белсенділікті қалыптастыру қажеттілігі, мәтінмен жұмыс істеу дағдыларын, оқу-ақпараттық құзыреттіліктерді дамыту және

логикалық ойлауды дамыту туралы гипотезаларды ұсынды [2]. Құзыреттілік тәсілді енгізу мәселесімен Д.А. Иванов, К.Г. Митрофанов, О.В. Соколова, И.Д. Фрумин, Д.Лейтнер, Дж.Флейшер, Дж.Рункорн. Э.Клайм айналысып, құзыреттілікті бағалау мүмкіндігін сипаттады [3]. Бірқатар ғалымдар, атап айтқанда В.И. Байденко, Г.Э. Белицкая, Л.И. Берестова, Н.А. Гришанова, А.К. Маркова және Н. Хомский құзыреттілік тәсілді қалыптастырудың үш кезеңін анықтады: біріншісі - "құзыреттілік" ұғымын енгізу; екіншісі - оқыту кезінде осы терминді қолдану; үшіншісі - құзыреттілік тәсілдің теориялық негіздемесі және оны қолданудың орындылығы [4].

Химия пәніндегі материал бойынша оқушылардың танымдық оқу қызметін ұйымдастырудағы маңызды орын тапсырмалармен жұмыс болып табылады. Құзыреттілік тапсырмалар әдетте проблемалық сипатқа ие және химияның әртүрлі тақырыптары, әртүрлі салалардан (пәндерден) немесе өмірлік тәжірибеден білімді кешенді қолдануды қамтиды.

Қазіргі педагогикалық ғылымда ТОӘ дегеніміз - қоршаған әлемді танудың, іздеудің, зерттеудің тәуелсіз процесін құрудың және алынған ақпаратты өңдеу, жүйелеу, жалпылау және пайдалану бойынша операциялардың жиынтығын құрудың педагогикалық негізделген жүйесі.

ТОӘ қалыптастыру үшін жауабын оқулықта дайын түрде табу мүмкін емес тапсырмалар тандалады. Бірақ оқулықтың, анықтамалық әдебиеттің мәтіндері мен иллюстрацияларында тапсырманы орындауға мүмкіндік беретін кеңестер бар. Ондай тапсырмаларға құзыреттілікке бағытталған тапсырмалар түрлері сай келеді.

ҚБТ-ды шешудің сипаттамасы мен ерекшеліктері назарға алынды. Білімді құрылымдауға, модельдеуге, шартты қажетті мәліметтермен толықтыруға, алынған шешімді талдауға және бағалауға бағытталған ҚБТ-ды шешу бойынша жұмыс ұйымдастырылады.

А.А. Шехонин, И.В. Клещева, А.Ш. Багаутдинова және т.б. ұсынған ҚБТ-дың жоғары білім беру үшін жіктелуіне сүйене отырып, мектептегі химиялық білімге бейімделген түрлер бөлінді [5]:

- проблемалық жағдайларды ұйымдастыру және пайдалану;
- өмірлік (және/немесе практикалық) жағдайды бейнелейтін;
- кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастыруға;
- тарихи-химиялық материалды пайдалануға;
- құбылыстар мен оқиғаларды бағалауға;
- оқу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған;
- қосымша зерттеуді талап ететін тапсырмалар [6].

Құзыреттілікке бағытталған тапсырмалар (ҚБТ) базасы ТОӘ мәнін толығымен қозғайтындықтан және тәжірибе көрсеткендей, қазіргі уақытта бұл мәселе жеткіліксіз әзірленген, нәтижесінде оларды пайдалану бойынша әдістемелік ұсыныстар аз [7].

**Жұмыстың мақсаты:** ҚБТ нақты түрлерін қолдану арқылы ТОӘ қалыптастыру.

Химия пәнінен пайдаланылған ҚБТ түрлерінің тиімділігі 2022-2023 оқу жылдарында «188» мектеп-гимназия 8-сыныбының 24 оқушысымен тексерілді.

Эксперименттік жұмыс қосымша сабақтарда, атап айтқанда "Қызықты химия" үйірмесінде жүргізілді. ТОӘ қалыптастыру жұмысы үш кезеңді қамтиды.

Бірінші кезең: ҚБТ-лар құрастыру және оқушылардағы бастапқы ТОӘ көрсеткіштерін анықтау және бағалау, атап айтқанда, ТОӘ анықтаушы бөлігін жүргізу арқылы.

Екінші кезең: эксперименттік топпен үйірме сабақтарын өткізу. Кезеңнің мақсаты - ҚБТ ерекше түрлері арқылы ТОӘ қалыптастыру.

Үшінші кезең: анықтаушы бөлімдегідей диагностикалық материалдарды қолдана отырып, ТОӘ элементтерін анықтау бойынша бақылау жұмыстары.

ТОӘ құрамына кіретін мынадай дағдылар бөлініп алынды:

- 1) білімді құрылымдау. Ауызша және жазбаша түрде өз ойын саналы және ерікті түрде құру;
- 2) символдық модельдеу (сызбалар салу, тапсырма мазмұнын қысқаша құру, формулаларды құру және жазу);

3) іс-әрекет тәсілдері мен шарттарының рефлексиясы, іс-әрекет процесі мен нәтижелерін бақылау және бағалау.

Бұл дағдыларды тексеру үшін 8-сыныпқа арналған химия пәнінен төмендегідей құзыреттілікке бағытталған тапсырмалар құрастырылды.

Тарихи-химиялық материалды пайдалануға арналған ҚБТ.

#### **№1 тапсырма**

*1912 жылы Р.Скоттың Оңтүстік полюске жасаған екінші және соңғы экспедициясы қайғылы аяқталды. 1912 жылы қаңтарда Скотт және оның төрт досы Оңтүстік полюске жаяу жетіп, сондағы шатыр мен жазбадан олардан төрт апта бұрын Оңтүстік Полюсті Р.Амундсен экспедициясы ашқанын анықтады. Олар қатты аязда кері сапарға шықты. Жанармай сақталатын аралық базада жанармайды таба алмайды. Олардың керосині бар темір канистрлері бос болды, өйткені оларды әлдебіреулер алдын-ала ашып қалайымен дәнекерлеген. Скотт пен оның серіктері буланған канистрлердің жанында үсіп жан тапсырған.*

1. Ағылшын саяхатшысы Роберт Фолкон Скоттың экспедициясының өліміне не себеп болды?

2. Біз қандай құбылыс туралы айтып отырмыз?

Келесі тапсырма өмірлік (практикалық) жағдайды бейнелейтін ҚБТ.

#### **№2 тапсырма**

*Сіз таңқурай жинап, қолыңызды қалақаймен жаралап алдыңыз. Қолыңыз өте қатты қышиды және ауырады.*

*Күйік орны неге ауырады деген сұраққа жазбаша жауап беріңіз. Күйік орнын қандай ерітіндімен майлауға болады. Қышу мен ауырсынуды азайту үшін қолдануға болатын үйдегі алғашқы көмек жинағынан заттың атын жазыңыз. Реакция теңдеуін жазыңыз.*

Құбылыстар мен оқиғаларды бағалауға арналған тапсырма мысалы:

#### **№3 тапсырма**

*Адам зиянды қоспалары жоқ суды ғана тұтынғысы келеді. Зиянды газдармен ластанбаған ауамен тыныс алғысы келеді. Медицинада және дәрі-дәрмек өндірісінде таза заттарды алу және пайдалану мәселесі әсіресе өзекті.*

*Келесі құрамдағы қоспа белгілі: күкірт, мыс, мырыш хлориді. Қоспаны бөлу әдісін ұсыныңыз. Әрекеттеріңіздің жоспарын жасаңыз.*

Құзыреттілікке бағытталған-алдын-ала мини-зерттеуді қажет ететін тапсырмалар. Сондықтан білім алушылар үшін жаңа ұғымдар мен анықтамаларды ҚБТ-на қосу әдісін қолданған жөн, олардың мәнін қосымша әдебиеттерден табу керек.

#### **№4 тапсырма**

*Сіз 150 г кептірілген өрік пен 70 г теңіз қырыққабатын жседіңіз. Сіз күнделікті калий қажеттілігін қанағаттандырасыз ба? Жауапты есептеулермен растаңыз.*

Тапсырманы шешпес бұрын оқушылар жаңа білім алуға мүмкіндік беретін арнайы әдебиеттерге жүгіну керек.

Сонымен, жоғарыда сипатталған құзыреттілікке бағытталған тапсырмалардың түрлері оқушыларда танымдық оқу әрекеттерін дамыта алады.

ТОӘ-нің қалыптасу деңгейін бағалау үшін келесі деңгейлер мен көрсеткіштер бөлінді (40 баллдың бір бөлігі үшін ең көп саны - 100%):

Төмен деңгей - 0-ден 20 баллға дейін (0-51%), проблемаларды шешу үшін жеткілікті білім деңгейіне ие емес, модельдермен және схемалармен жұмыс істей алмайды, мәтіннің мазмұнын нақты және қысқа бере алмайды, бақылау және бағалау тәсілдерін білмейді.

Орташа деңгей- 21-ден 29 баллға дейін (52-74%), білімі бар және де білімін құрылымдай және пайдалана алады, қарапайым модельдермен жұмыс істеу дағдысына ие, өзін-өзі бақылау және бағалау тәсілдерін меңгерген.

Жоғары деңгей-30-дан 40 баллға дейін (75-100%), модельдермен және схемалармен жұмыс істей алады, ауызша және жазбаша сөйлеуін құра алады, мәселелерді шешуге арналған білімге ие, өзін-өзі бақылау және бақылау тәсілдерін жетік біледі.


**Нәтижелер және талқылау.** Зерттеу барысында ТОӘ құрамына кіретін төмендегі дағдылардың қалыптасуы бақыланды:

- 1-дағды "білімді құрылымдау".

- 2-дағды "символдық модельдеу".

- 3-дағды "іс-әрекет тәсілдері мен шарттарының рефлексиясы, процесті бақылау және бағалау нәтижелері".

Суретте оқушылардың анықтаушы және соңғы кезеңдегі нәтижелерін салыстыру көрсетілген.



Сурет 1. Анықтаушы және соңғы кезеңдегі оқушылардың нәтижелері

Анықтаушы кезеңмен салыстырғанда бақылау кезеңінің нәтижелері жақсарғанын көру оңай. Атап айтқанда, білім алушылардың 1-дағдысы 34%-ға, 2-ші дағдының қалыптасу деңгейі 35%-ға өсті; 30%-ға 3-ші дағдылары қалыптасқан білім алушылар көбейгені байқалады.

Зерттеу барысында біз құзыреттілікке бағытталған тапсырмаларды танымдық оқу әрекетін қалыптасу құралы ретінде анықтадық және тексердік:

- "Қызықты химия" химиялық үйірмесін әзірлеу және өткізу;

- құзыреттілікке бағытталған тапсырмалардың нақты түрлерін пайдалану негізінде жұмыс құру.

**Қорытынды.** Осылайша, нәтижелер танымдық оқу әрекеттерінің дағдылары мақсатты жұмыс жүргізілгендіктен жақсарды. Алайда, жеткілікті нәтиже көрсетпеген білім алушылар да болды. Бұл жоғарыда айтылған дағдылар тез қалыптасуы мүмкін емес болғандықтан эксперименттік жұмыс үшін кеткен уақыттан да көп уақыт керек. Алынған нәтижелерге сүйене отырып, үйірме барысында білім алушылармен мақсатты жұмыс істеудің арқасында танымдық оқу әрекет дағдыларының қалыптасу деңгейі бастапқы кезеңге қарағанда жоғары болды деген қорытынды жасауға болады. Құзыреттілікке бағытталған тапсырмалардың жекелеген түрлерін қолдану танымдық оқу әрекетін қалыптастыруға ықпал етеді. Зерттеу нәтижелері мектеп

мұғалімдеріне пайдалы болуы мүмкін, себебі химия пәні бойынша проблемалық аймақтарды анықтауға көмектеседі.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Пашкевич А.В. Создание системы оценивания ключевых компетенций учащихся массовой школы: монография. – М.: РИОР: ИНФРА-М., 2013. – 166 с.
2. Шехонин А.А. и др. Компетентностно-ориентированные задания в системе высшего образования / А.А. Шехонин, В.А. Тарлыков, И.В. Клещева, А.Ш. Багаутдинова, М.Б. Будько, М.Ю. Бутько, О.А. Вознесенская, Л.А. Забодалова, Л.А. Надточий, О.Ю. Орлова. – СПб.: НИУ ИТМО, 2014. – 98 с.
3. Акулова О.В., Писарева С.А., Пискунова Е.В. Конструирование ситуационных задач для оценки компетентности учащихся. – СПб.: КАРО, 2008. – 96 с.
4. Вихман А.А., Попов А.Ю. Диагностика познавательных аспектов универсальных учебных действий в средней школе // Научное мнение. 2013. №5. С. 158-163.
5. Leutner D., Fleischer J., Grünkorn J., Klieme E. Competence Assessment in Education: Research, Model sand Instruments. Springer International Publishing, 2017. – 503 p.
6. Дроздова О.А. К Истории становления коммуникативных универсальных учебных действий // Современные проблемы науки и образования. 2016. №3.
7. Казак Н. А. Проблемные ситуации в обучении // Открытый урок Первое сентября. <https://clck.ru/Hbx3G>.

*References:*

1. Pashkevich A.V. Creation of a system for assessing the key competencies of mass school students: monograph. – М.: RIOR: INFRA-M. 2013. – 166 p.
2. Shekhonin A.A. et al. Competence-oriented tasks in the system of higher education / A.A. Shekhonin, V.A. Tarlykov, I.V. Kleshcheva, A.S. Bagautdinova, M.B. Budko, M.Y. Budko, O.A. Voznesenskaya, L. A. Zabodalova, L.A. Nadtochiy, O. Y. Orlova. – St. Petersburg: ITMO Research Institute, 2014. – 98 p
3. Akulova O.V., Pisareva S.A., Piskunova E. V. Designing situational tasks for assessing the competence of students. – St. Petersburg: KARO, 2008. – 96 p.
4. Vihman A.A., Popov A. Yu. Diagnostics of cognitive aspects of universal educational actions in secondary school // Scientific opinion. 2013. No.5. pp. 158-163.
5. Leutner D., Fleischer J., Grünkorn J., Klieme E. Competence Assessment in Education: Research, Model sand Instruments. Springer International Publishing, 2017. 503 p.
6. Drozdova O.A. On the history of the formation of communicative universal educational actions // Modern problems of science and education. 2016. No.3.
7. Kazak N.A. Problematic situations in learning // Open lesson on the first of September. <https://clck.ru/Hbx3G>.



ӘОЖ 373.01:574

FTAMP 14.25.09

*М.Б. Әбжаппар, М.Б. Жаксыбаев*

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы қ., Қазақстан*

## **БИОЛОГ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ МҰРАЖАЙЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ МОТИВАЦИЯСЫН АНЫҚТАУ**

### *Аңдатпа*

Мұражай экспонаттары биологиялық білім беру үрдісін толықтырып қана қоймай, оны жан-жақты дамытуға әсер етеді. Білім алушыларға материалды тек түсініп қана қоймай, оның практикалық тұрғыда қолданылуын үйретуде, білім берудің көрнекілік принципін жүзеге асыруда мұражайдағы «жанды» сабақтардың әлеуеті орасан зор. Бұл кезекте мұражайдағы «жанды» сабақтарды жүргізетін мұғалімдердің мотивациясын анықтау қажеттілігі пайда болады. Осы мәселе төңірегінде түрлі әдебиет көздері талданып, 60 биолог мұғалімнен сауалнама алынды. Сауалнама нәтижелеріне талдау жасау арқылы педагогтердің мұражай педагогикасы туралы білімі мен мотивациясының жалпы сандық және сапалық көрсеткіштері анықталды. Зерттеу нәтижесінде, биолог-мұғалімдердің, мұражайлық білім беру әлеуеті туралы жалпы хабардарлығы, олардың мұражайлық білім беруге деген мотивациясына тікелей әсер ететіндігі анықталды.

**Түйін сөздер:** мұражай педагогикасы, мұражай, мотивация, білім беру.

*Әбжаппар М.Б.<sup>1</sup>, Жаксыбаев М.Б.<sup>1</sup>*

*Казахский национальный педагогический университет имени Абая,  
Алматы, Казахстан*

## **ОПРЕДЕЛЕНИЕ МОТИВАЦИИ УЧИТЕЛЕЙ БИОЛОГИИ К МУЗЕЙНОМУ ОБРАЗОВАНИЮ**

### *Аннотация*

Экспонаты музея не только дополняют процесс биологического образования, но и оказывают влияние на его всестороннее развитие. «Живые» уроки в музеях очень важны для обучения учащихся не только для понимания материала, но и в практическом использовании полученных знаний. В связи с этим очень важно определить мотивацию учителей, которые проводят «живые» уроки в музеях. По данному вопросу были проанализированы различные литературные источники, получено анкетирование от 60 учителей-биологов. Путем анализа результатов опроса были определены общие количественные и качественные показатели знаний и мотивации педагогов о музейной педагогике. В результате исследования установлено, что общая осведомленность учителей-биологов о потенциале музейного образования, напрямую влияет на их мотивацию к музейному образованию.

**Ключевые слова:** музейная педагогика, музей, мотивация, образование.

Abzhappar M.B.<sup>1</sup>, Zhaksybaev M. B.<sup>1</sup>  
Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

## DETERMINING THE MOTIVATION OF BIOLOGY TEACHERS TO MUSEUM EDUCATION

### *Abstract*

The exhibits of the museum not only complement the process of biological education, but also have an impact on its comprehensive development. "Live" lessons in museums are very important for teaching students not only to understand the material, but also in the practical use of the acquired knowledge. In this regard, it is very important to determine the motivation of teachers who conduct "live" lessons in museums. Various literary sources were analyzed on this issue, a questionnaire was received from 60 biology teachers. By analyzing the survey results, general quantitative and qualitative indicators of teachers' knowledge and motivation about museum pedagogy were determined. As a result of the study, it was found that the general awareness of biology teachers about the potential of museum education directly affects their motivation for museum education.

**Keywords:** museum pedagogy, museum, motivation, education

**Кіріспе.** Қазіргі уақытта білім беру жүйесі көптеген өзгерістерді бастан кешіруде. Ол әрдайым дамып, түрлі трансформацияларға ұшырап отырады. Заман талабына сай білім беру мазмұны да, соған сай мектеп оқушылары үшін қойылатын талаптар жылдан жылға күрделенуде. Оның негізгі мақсаты теориялық білімін практикалық негізде қолдана алатын, бәсекелестікке қабілетті оқушы тұлғасын қалыптастыру. Осы мақсатта білім беру процесіне көптеген инновациялық әдіс-тәсілдер, технологиялар енгізілді. Олар білім беру процесін нәтижелі етіп қана қоймай, оқушы тұлғасының жан-жақты дамуын қамтамасыз етеді. Білім беру процесін нәтижелі ететін технологиялардың ішінде мұражай педагогикасының орны ерекше деп айтуға болады. Себебі, қоғамға қызмет ететін әлеуметтік институт ретінде үнемі даму үстінде болатын мұражай бүгінде ішкі құрылымы күрделі, рухани, ғылыми және білім беру әлеуеті зор көп функциялы мекеме болып табылады.

Биология сабақтарында көрнекілік қағидасын ұстану өте маңызды болып табылады. Оқытудағы көрнекілік принципі, оқушыда зат немесе құбылыс туралы дұрыс түсініктің қалыптасуын қамтамасыз етеді. Көрнекілік ақпаратты меңгеруге, жалпылауға және оны анализдеуге көмектеседі. Сонымен қатар, көрнекілік жалпы пән туралы түсінікті қалыптастыру және себеп-салдар байланысын түсіну үшін қажет. Көбінесе бұл принципті сабақтарда модельдерді, макеттерді, гербарийлерді және коллекцияларды қолдану арқылы жүзеге асыруға болады. Бірақ мұндай ресурстарды пайдалану биология кабинетінің жабдықталу деңгейімен шектеледі. Соған байланысты биология сабақтарын экскурсия ретінде ұйымдастыру, оқытудың көрнекілік принципін жүзеге асырудың бір жолы болып табылады [1, 45 б.].

Мұражайдың білім берудегі рөлінің ғылыми-әдістемелік негіздемелері: Б.А. Столяров [2, 21 б.], Л.Н. Хицова [3, 13 б.], Г.В. Вишина [4, 7-9 б.], Ю.В. Корнилова [5, 70-76 б.] еңбектерінде көрсетілген, аталған авторлар мұражай педагогикасының қазіргі дидактикалық формалары мен әдістерін мектеп пен ЖОО-ның оқу үрдісіне қатысты қарастырады. Мұражайлардың білім беру қызметі Е.И. Полянская [6, 10-17 б.] [7, 302-305.], Т.В. Чумалова [8, 31-42.] және т.б. еңбектерінде де сипатталған. Б.А. Столяров «мұражай педагогикасын» мұражай кеңістігіндегі педагогикалық процесс арқылы мәдени (көркем) тәжірибені бөлісуге бағытталған, қазіргі заман мұражайының ғылыми-педагогикалық жұмысының бір саласы ретінде қарастырады [2]. Ал, М.Ю. Юхневичтің пікірінше, мұражай педагогикасы – мұражайды білім беру жүйесі ретінде қарастыратын мұражайтану, педагогика және психология ғылымдарының тоғысуынан туындаған пән [9, 153 б.]. Жоғарыда келтірілген анықтамалардан мынадай қорытынды жасауға болады: мұражай педагогикасы – бұл оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуге, сондай-ақ мәдени

тәжірибені беруге бағытталған мұражай мен мектептің өзара әрекеттесуі. Мұражай педагогикасы – тұлғаның арнайы ұйымдастырылған заттық - кеңістік ортаға кірігуінің туындысы, яғни оның өнер туындыларының, табиғи ескерткіштердің, экспонаттар – яғни көркем орындалған жануарлар үлгілерінің, өсімдіктер композицияларының әлеміне енуі [10, 17 б.].

Кейбір авторлардың [11, 173-179 б.] пікірінше, мұражай педагогикасының міндеттерінің бірі оқытуды дәстүрлі емес формада жүргізу және әрбір баланың тұлға ретінде қалыптасуын қамтамасыз ету. Осы орайда, оқушыны тұлға ретінде қалыптастыратын, мұражайлық білім беруді жүзеге асыратын педагог қандай болу керек деген сұрақ туады. Мұражай педагогы ол білім беру саласында, адамдармен тікелей жұмыс істей алатын, шығармашылық және әдістемелік қабілеттерге ие құзыретті қызметкер. Демек, мұражай педагогы – білім беру барысында әр түрлі педагогикалық әдістер-тәсілдерді қолданатын, коммуникативті тұлға болып табылады. Мұражай педагогының аудиториямен жұмыс істеуге бағытталған әдіс-тәсілдердің алуан түрлі формалары бар, бірақ олардың барлығы экскурсиялар, лекциялар және консультациялар сияқты формаларға негізделген. Өзектілігін жоймаған дәстүрлі формаларға конференциялар, үйірмелер, олимпиадалар мен викториналар, тарихи ойындар жатады. Педагог жоғарыда айтылған әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, аудиториямен едәуір тығыз қарым-қатынас орнатып, мұражайды тек қана қосымша емес, негізгі білім беру мекемесі бірі ретінде пайдалануға жол ашуы мүмкін. Жаратылыстану мұражайының мәдени-ағартушылық қызметі мұражайлық коммуникацияның маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, мұнда мұражай функцияларының мәдени-ағартушылық әлеуеті жүзеге асырылады. Оқу іс-әрекетінің теориялық негізін мұражай педагогикасы мен мәдениеттану құрайды.

Қазіргі уақытта шетелдік мамандар арасында мұражайға баруды ынталандыру, ғылыми білімді насихаттау, мұражайдың білім беру кеңістігіндегі сандық медиа және т.б. бағыттарымен байланысты мұражай педагогикасы саласындағы зерттеулерге үлкен қызығушылық туып отыр. Осы бағыттағы Дорис Левальтердың (Мюнхен техникалық университеті, Германия) баяндамасы мұражайларға бару мотивациясын зерттеуге арналды [12, 1-17 б.]. Музейлердегі графикалық ақпаратты қабылдауды зерттеуге жеке жұмыстар арналды (Stephan Schwan, Leibniz-Institut für Wissensmedien, Германия) [13, 133-142 б.]. Мұражай педагогтары арасында қазіргі уақытта цифрлық медианың ролін зерттеу де үлкен қызығушылық тудырады. Солтүстік-Батыс Швейцария қолданбалы ғылымдар университетінде (Кармен Зан, Солтүстік-Батыс Швейцария, Швейцария қолданбалы ғылымдар университетінде) жүргізілген зерттеу [14, 45-56 б.] мектеп мұғалімдерінің көпшілігінің (сауалнамаға 195 адам қатысты) цифрлық ақпаратты пайдалануға оң көзқарасы бар екенін көрсеткен.

Мұражай білім берудің ең негізгі көрнекілік қағидасын жүзеге асыруда әлеуеті зор қоғамдық мекеме болып отыр, сол себепті мұражайда білім беру процесін «басқаратын» педагогтың бұл іс-әрекетке деген дайындығын және мотивациясын анықтау өте маңызды. Осы кезекте, «биолог мұғалімдерде мұражай педагогикасы немесе мұражайдың білім беру әлеуеті туралы қандай да бір білімінің болуы мұражайлық білім беру әрекетіне деген мотивацияның пайда болуына әсер етуі мүмкін бе?» деген сұрақ туындайды, себебі мұғалім мұражайда сабақ жүргізу барысында мұражай педагогіне айналады, ал мұражай педагогінің міндеттері, мектеп мұғалімінің міндеттерінен біршама өзгеше екені анық. Осы мақала биолог мұғалімдердің мұражай педагогикасы туралы білімінің, оларда мотивацияның пайда болуына қалай әсер ететінін анықтауға тырысады.

**Зерттеу материалдары мен әдістері.** Биолог мұғалімдердің мұражайлық білім беру әрекетіне мотивациясын зерттеу мақсатында Абай атындағы ҚазҰПУ, 7М01513-Биология мамандығының 2 курс магистранттарынан сауалнама алынды.

**Зерттеу мақсаты:** биолог мұғалімдердің мұражай педагогикасы туралы жалпы білімін және мұражайлық білім беру әрекетіне деген мотивациясын анықтау.

**Зерттеу болжамы:** биолог мұғалімдердің мұражай педагогикасы туралы қандай да бір білімінің болуы, олардың мотивациясының пайда болуына тікелей немесе жанама әсер етеді.

Сауалнамаға қатысушылар саны: 60

Сауалнамаға қатысушылардың орташа жасы: 25

Сауалнама ашық және жабық сұрақтар түрінде Google forms платформасында жасалды. Сауалнамадағы ашық сұрақтар респонденттердің мұражай педагогикасы және оның биологиялық білім берудегі әлеуеті туралы жалпылама білімдерін тексеру үшін құрастырылды, ал жабық сұрақтар магистранттардың мұражайлық білім беру әрекетіне деген мотивациясын анықтауға негізделді.

Сауалнама нәтижелері статистикалық тұрғыда сандық және сапалық тұрғысында талданды.


*Кесте 1 – Сауалнаманың құрылымдық компоненттері*

| Компоненттер        | Өлшемдер                                                                                                                                                                                              | Көрсеткіштері                                                                                       |
|---------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Мотивациялық</b> | Мотивация магистранттардың білімді меңгерудегі ынталылығы. Бұл магистранттардың өз білімін тексеруге, тереңдетуге, өздігінен ізденуге, зерттеушілік іс - әрекетін қалыптастыруға негіз болатын жағдай | - Мұражай педагогикасына қызығушылығының тууы.<br>- Мұражай педагогикасын оқуға деген ынтаның болуы |
| <b>Мазмұндық</b>    | Пәндік білім мен қажетті дағды, біліктілік деңгейі                                                                                                                                                    | - Биология пәні туралы жалпы білімі;<br>- Мұражай педагогикасының маңызы туралы білімі;             |
| <b>Іс-әрекеттік</b> | Білімдерін практикалық тұрғыда қолдануы                                                                                                                                                               | - Мұражай педагогикасының биологиялық білім берудегі орны туралы ой тұжырымдауы;                    |

**Зерттеу нәтижесі және талқылау.** Сауалнама бойынша ашық сұрақтардың жауап нәтижесі келесідей көрсеткіштер көрсетті.

*Кесте 2 – Сауалнамадағы ашық сұрақтардың жауап көрсеткіштері (%)*

| Сұрақ №                                                                                                             | Толық | Толық емес | Дұрыс емес | Жауабы жоқ |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------|------------|------------|------------|
| 1 «Мұражай педагогикасы» сөз тіркесі сізге таныс па? Таныс болса, оны сіз қалай түсінесіз?                          | 26    | 22         | 9          | 4          |
| 2 Сіз үшін биолог ретінде жергілікті флора мен фауна өкілдерін зерттеу қаншалықты маңызды болып табылады? Неліктен? | 18    | 21         | 17         | 4          |
| 3 Мұражай педагогикасының нысандарына нелер жатады деп ойлайсыз?                                                    | 20    | 30         | 0          | 10         |
| 4 Сіз өмір сүретін аймақтағы мұражайлардың биологиялық білім берудегі әлеуетіне қандай баға бересіз?                | 10    | 50         | 0          | 0          |
| Барлығы                                                                                                             | 74    | 123        | 26         | 15         |
| Нәтижесі (%)                                                                                                        | 31 %  | 51%        | 11%        | 6%         |



Сурет 1. Мұражай педагогикасы туралы білімін анықтау бойынша сауалнаманың диагностикасы

Сауалнамадағы ашық сұрақтар бойынша (кесте-2) магистранттардың мұражай педагогикасы бойынша білім көрсеткіштері айтарлықтай төмен деңгейде екенін байқауға болады. Атап айтсақ, мұражай педагогикасы туралы жалпы білімі бар магистранттар тек 31%-ды құрады. Бұл магистранттар мұражай жайлы және оның білім берудегі рөлімен жалпылама таныс болып шықты, яғни олар «мұражай педагогикасы» деген сөз тіркесінің қандай мағына беретінін, оның нысандарына нелер жататын анық көрсетіп бере алды. Жергілікті флора және фауна өкілдерін мұражай экспонаттары арқылы зерттеудің мүмкіншіліктеріне де айқын баға берді. Мұндай көрсеткіштер мұражай педагогикасының білім берудегі әлеуетінің орасан зор екенін көрсетеді. Себебі, магистранттар мұражайдың білім берудегі рөлін биологиялық тұрғыдан анықтап қана қоймай, оны бағалай алды.


Білімі толық емес магистранттар 51%-ды көрсетті, бұл магистранттарды жалпы мұражай және оның білім берудегі рөлімен тек үстіртін таныс деп айтуға болады. Себебі, «мұражай педагогикасы» сөз тіркесін түсінуде және оның нысандарын анықтауда қателіктер жіберді, яғни мұражайлық педагогика нысандарын жалпы мұражай нысандарымен шатастырған. Мұражайдың білім берудегі рөлін бағалауда да, қателіктер кездесті. Мысалы, жергілікті флора мен фауна өкілдерін зерттеу мен мұражайлық білім беру арасындағы байланысты толығымен анықтай алмады. Биология сабақтарында мұражай экспонаттарын (әсіресе фауна өкілдерін) көрнекілік ретінде пайдалану потенциалын бағалау магистранттарға қиындық тудырған. Соған қарамастан, бұл магистранттардың үстіртін болса да, мұражайлық білім беру туралы хабардар болуы жақсы көрсеткіш болып есептеледі. Себебі, бұл көрсеткіштер ары қарайғы осы сала бойынша қосымша мәліметтер іздестіру немесе мұражай педагогикасына деген қызығушылықтың пайда болуына септігін тигізуі мүмкін.

Мұражай педагогикасы туралы мүлде хабары жоқ магистранттар 18%-ды құрады. Бұл магистранттардың мұражай және оның биологиялық білім берудегі әлеуеті туралы ешқандай білімі жоқ деп айтуға болады. Себебі, «мұражай педагогикасы», «мұражай педагогикасының нысандарына нелер жатады?» деген сияқты ұғымдар мен сұраққа толық және мағыналы жауап бере алмады. Мұражай экспонаттарын көрнекілік ретінде пайдалану мүмкіндіктеріне айқын баға берілмеді. Бұл магистранттар мұражай педагогикасы жайлы мүлде хабарсыз болғандықтан, олардың мұражайлық білім беруге деген мотивациясын төмен болуы әбден мүмкін.

Сауалнама бойынша жабық сұрақтардың жауап нәтижесі келесідей көрсеткіштер көрсетті.

Кесте 3 – Сауалнамадағы жабық сұрақтардың жауап көрсеткіштері (%)

| Сұрақ                                                                                                                        | Иә         | Жок       | Күмәнім бар | Жауап беруге киналамын |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------|-----------|-------------|------------------------|
| 1. «Мұражай педагогикасы» деген сөз тіркесі сізге таныспа?                                                                   | 51         | 9         | 0           | 0                      |
| 2 Сіздің байқауыныңыз бойынша биологиялық мұражай туралы ақпараттар жаңартылған оқу бағдарламасы оқулықтарында кездеседі ме? | 17         | 8         | 34          | 1                      |
| 3 Қазіргі биология пәнінен оқулықтарға биологиялық мұражай материалдарын қосу қажеттілігі барма?                             | 43         | 13        | 4           | 0                      |
| 4 Сіз мұражай педагогикасы бойынша біліктілігіңізді қалыптастырғыңыз келеді ме?                                              | 56         | 0         | 2           | 2                      |
| 5 Сіз болашақ биолог маманда мұражайлық білім беру іс-әрекетін қалыптастыру қажет деп ойлайсыз ба?                           | 56         | 0         | 4           | 0                      |
| 6. Сіз университеттегі аудиториядан тыс мұражайлық іс-шараларға қатысасыз ба?                                                | 43         | 5         | 5           | 7                      |
| 7 Мұражай педагогикасы арқылы оқушылардың биологиялық сауаттылығын арттыру мүмкін бе?                                        | 51         | 0         | 7           | 2                      |
| 8 Мұражайлық экскурсия арқылы арқылы білім алушының эстетикалық мәдениетін қалыптастыру мүмкіндігі барма?                    | 56         | 0         | 2           | 2                      |
| 14. Сіздің ойыңызша мұражайлық білім беру әрекетін қалыптастыруда оқу-әдістемелік құралдардың маңызы бар ма?                 | 60         | 0         | 0           | 0                      |
| <b>Барлығы</b>                                                                                                               | <b>433</b> | <b>40</b> | <b>58</b>   | <b>14</b>              |
| <b>Нәтижесі (%)</b>                                                                                                          | <b>78%</b> | <b>7%</b> | <b>8%</b>   | <b>7%</b>              |



Сурет 2. Мұражайлық білім беру әрекетіне мотивациясын анықтау бойынша сауалнаманың диагностикасы

Сауалнамадағы жабық сұрақтар бойынша магистранттардың мұражайлық білім беру іс-әрекетіне деген мотивациясының көрсеткіштері едәуір жоғары болып шықты. Сауалнамадағы жабық сұрақтар бойынша «иә» жауабы неғұрлым жиі кездесе, соғұрлым магистранттардың мотивациясы жоғары болғандығын көрсетеді. Яғни, «Иә»=жоғары мотивация. Сауалнамаға қатысушылардың 78%-ы «иә» деп жауап берген, бұл ашық сұрақтардағы білімі толық

магистранттардың (31%) көрсеткіштерінен 47%-ға артық. Бұл мұражайлық білім беру әрекетіне, тек қана сол сала бойынша толық бір білімі бар магистранттардың мотивациясы бар деп санау қате дегенді білдіреді. Қалған 47% магистранттардың көбіне білімі толық емес болсада, олардың мұражайлық білім беру әрекетіне деген қызығушылығының, әрі қарай биология сабақтарында мұражай материалдарын пайдалану мотивациясының жоғары екенін көруге болады.

Магистранттардың 22%-ы көбіне «жоқ» деп жауап берген, бұл олардың мұражайдың білім беру әлеуетімен мүлде таныс болмағандығымен түсіндіріледі. Яғни, олар мұражай экспонаттарын биология сабақтарында көрнекілік ретінде қалай пайдалануға болатынын білмейді, сәйкесінше бұл магистранттардың мотивациясы төмен болды.

Ашық және жабық сұрақтар бойынша жасалған диаграммаларды салыстырсақ, магистранттардың көпшілігінің мұражай педагогикасы туралы білімі толық емес болсада, олардың жаңа құзыреттіліктерді меңгеру, өзінің жалпы педагогикалық біліктілігін арттыру мақсатында мұражайлық білім беру әрекетіне деген мотивациясының жоғары екенін байқауға болады. Бұл дегеніміз зерттеу болжамының дұрыстығы дәлелдейді. Яғни, биолог мұғалімдердің мұражай педагогикасы туралы қандай да бір білімінің болуы, олардың мотивациясының пайда болуына тікелей немесе жанама әсер ететіні анықталды.

**Қорытынды.** Биология сабақтарында көрнекілік ретінде мұражай экспонаттарын пайдаланудың әлеуетін жүзеге асыруда биолог мұғалімдердің рөлі орасан зор. Биолог мұғалім мұражайда экскурсия жүргізу барысында, толығымен мұражай педагогіне айналып, соған сәйкес құзыреттіліктер мен қабілеттерге ие болуы керек. Атап айтқанда, мұражайда аудиториямен жұмыс жасау, экскурсия жүргізу, экспонаттармен таныстыру және т.б. Бұл кезекте, биолог мұғалімдердің мұражайлық білім беру әрекетіне деген мотивациясыда аса маңызды болып табылады. Себебі, жоғарыда аталған құзыреттіліктердің қалыптасуы биолог мұғалімдердің мотивациясына тікелей байланысты. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, биолог мұғалімдердің көпшілігінің мұражайлық білім беру туралы білімі толық емес болсада, олардың мотивациясы жоғары болды. Бұл дегеніміз мұражайдың білім беру әлеуетін пайдаланып, биология сабақтарын мұражайда экскурсия түрінде ұйымдастыруға көптеген мүмкіндіктер береді. Биолог мұғалімдерде жоғары мотивацияның болуы, олардың педагогикалық кәсіби біліктілігін арттырып, биология сабақтарын дәстүрлі емес, инновациялық жолдар арқылы ұйымдастыруға үлкен септігін тигізеді.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Глушанок Т.М. *Практика экскурсионной деятельности [Текст] / Т.М. Глушанок, Н.М. Хуусконен. – СПб.: Издательский дом Герда, 2006. – 208 с.*
2. Столяров Б.А. *Музейная педагогика. История, теория, практика. – М.: Высшая школа, 2004. – 216 с.*
3. Хицова Л.Н. *Научно-методическое обоснование роли музея в образовательном пространстве вуза // Музеи и музейная педагогика: формы и методы деятельности в свете современной образовательной парадигмы: тезисы научно-методической конференции. – Воронеж, 25 декабря. 2005 г. – Воронеж, 2005. – 13 с.*
4. Вишина Г.В. *Современные дидактические формы и методы музейной педагогики // Музеи и музейная педагогика: формы и методы деятельности в свете современной образовательной парадигмы: тезисы научно-методической конференции. – Воронеж. 25 декабря. 2005 г. – Воронеж, 2005. – 7–9 с.*
5. Корнилова Ю.В. *Методика организации работы учащихся в процессе обучения физике // Вестник КГПУ. – 2014. – № 3(29). – 70-76 с.*
6. Полянская Е.И. *Интеграция музейно-краеведческой деятельности в целях достижения оптимальности экологического образования и экологического воспитания // Мир образования – образование в мире: научно-методический журнал. – 2009. – № 1 (33). – 10-17 с.*

7. Полянская Е.И. Экомuseum как способ формирования деятельностного компонента экологической культуры / Е.И. Полянская, Л.Н. Хицова // Вестник университета. – 2015 – № 2. – 302-305 с.
8. Чумалова Т.В. Проблема эстетического воспитания школьников в историко-краеведческом музее // Воспитание подрастающего поколения в музее: теория, методика, практика: сборник научных трудов музееведения. – Москва, 1989. – 31-42 с.
9. Юхневич М.Ю. Я поведу тебя в музей: Учеб. пособие по музейной педагогике. – М., 2001. – 153 с.
10. «Ұлттық қазына»: Мұражайлардағы «жанды» сабақтар әдістемелік ұсынымдамалары – Астана: БІ. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2018. – 17 б.
11. Короткова М.В. Музейная педагогика в свете тенденций развития исторического образования XXI века // Наука и школа. 2016. № 2. – 173–179 с.
12. Lewalter D., Gramser S., Bauer J. Visit motivations: development of a short scale for comparison across sites // Museum Management and Curatorship – October 2017, – № 33(4). – P.1-17.
13. Schwan S., Bahnmueller J., Martin M. Use of digital guides in museum galleries: Determinants of information selection // Computers in Human Behavior - April 2016, – №57, – p. 133-142.
14. Zahn C., Vollenwyder B. Teachers' perspectives on the role of digital media for school class visits to science museums // / Education in the crossroads of economy and politics – January 2013. – № 40, p. 45-56.

#### References:

1. Glushanok T.M. Praktika jekskursionnoj dejatel'nosti [Tekst] / T.M. Glushanok, N.M. Huuskonen. - SPb: Izdatel'skij dom Gerda, 2006 – 208 s.
2. Stoljarov B.A. Muzejnaja pedagogika. Istorija, teorija, praktika. – M.: Vysshaja shkola, 2004. – 216 s.
3. Hicova L.N. Nauchno-metodicheskoe obosnovanie roli muzeja v obrazovatel'nom prostranstve vuza // Muzei i muzejnaja pedagogika: formy i metody dejatel'nosti v svete sovremennoj obrazovatel'noj paradigmy: tezisy nauchno-metodicheskoy konferencii. – Voronezh, 25 dekabrya. 2005 g. – Voronezh, 2005. – 13 s.
4. Vishina G.V. Sovremennye didakticheskie formy i metody muzejnoj pedagogiki // Muzei i muzejnaja pedagogika: formy i metody dejatel'nosti v svete sovremennoj obrazovatel'noj paradigmy: tezisy nauchno-metodicheskoy konferencii. – Voronezh. 25 dekabrya. 2005 g. – Voronezh, 2005. – 7–9 s.
5. Kornilova Ju.V. Metodika organizacii raboty uchashhihsja v processe obuchenija fizike // Vestnik KGPU. – 2014. – № 3(29). – 70–76 s.
6. Poljanskaja E.I. Integracija muzejno-kraevedcheskoj dejatel'nosti v celjah dostizhenija optimal'nosti jekologicheskogo obrazovanija i jekologicheskogo vospitanija // Mir obrazovanija – obrazovanie v mire: nauchno-metodicheskij zhurnal. – 2009. – № 1 (33). – 10-17 s.
7. Poljanskaja E.I. Jekomuseum kak sposob formirovanija dejatel'nostnogo komponenta jekologicheskoy kul'tury / E.I. Poljanskaja, L.N. Hicova // Vestnik universiteta. – 2015. – № 2. – 302-305 s.
8. Chumalova T.V. Problema jesteticheskogo vospitanija shkol'nikov v istoriko-kraevedcheskom muzee // Vospitanie podrastajushhego pokolenija v muzee: teorija, metodika, praktika: sbornik nauchnyh trudov muzevedenija. – Moskva, 1989. – 31-42 s.
9. Juhnevich M.Ju. Ja povedu tebja v muzej: Ucheb. posobie po muzejnoj pedagogike. – M., 2001. – 153 s.
10. «Ұлттық қазына»: Мұражайлардағы «зhandy» сабақтар әдістемелік ұсынұмдамалары – Астана: Ү. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2018. – 17 б.
11. Kороткова М.В. Музейная педагогика в свете тенденций razvitija istoricheskogo obrazovanija XXI veka // Nauka i shkola. 2016. № 2. – 173-179 s.



12. Lewalter D., Gramser S., Bauer J. Visit motivations: development of a short scale for comparison across sites // *Museum Management and Curatorship* – October 2017, – № 33(4) – P. 1-17.

13. Schwan S., Bahnmueller J., Martin M. Use of digital guides in museum galleries: Determinants of information selection // *Computers in Human Behavior* - April 2016. – №57. – P. 133-142.

14. Zahn C., Vollenwyder B. Teachers' perspectives on the role of digital media for school class visits to science museums // *Education in the crossroads of economy and politics* – January 2013, – № 40. P. 45-56.

УДК 372.891

МРНТИ 14.07.07

Ұ.О. Тастемір, Г.Е. Бердыгулова

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы қ., Қазақстан*

## **ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДЕ ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫ БОЙЫНША ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ**

### *Аңдатпа*

Қазіргі білім беру процесінде болып жатқан өзгерістер, қазіргі заманғы мамандардан әртүрлі тәуелсіз, жылдам және стандартты емес шешімдерді қабылдауды талап етеді және оларды қолданыстағы оқыту жүйесі толықтай қамтамасыз ете алмайды. Қазіргі уақытта білім беру бағдарламалары жаңа ақпаратпен қаныққан, нәтижесінде оқушылар әрдайым жаңа білім мен дағдыларды игеруге назар аудармайды және олар қазіргі ғылыми жетістіктерді әрең қадағалайды, олардың маңыздылығын әрдайым түсіне бермейді. Бұл кемшілікті жеңу үшін мамандандырылған оқыту қарастырылған, оның негізгі мақсаттарының бірі оқушылардың мәселені көру, зерттеу және шешу қабілетін дамыту болып табылады. Бұл мақсатқа қол жеткізуге болады, тек орта деңгейдегі оқушылардың зерттеу дағдыларын дамытатын оқушылардың зерттеу қызметін игеруіне жағдай жасау арқылы. Зерттеу қызметін жаңа білімді игеру процесі деп түсіндірсек болады, бұл оқушының танымдық іс-әрекетінің бір түрі болып табылады. Бірақ қазіргі заманғы мамандандырылған педагогикалық сөздіктерде оқу міндеттері контекстінде келесі ұғымдар жиі қолданылады: зерттеушілік оқыту, оқытудың зерттеу әдістері, зерттеу қызметі. Олар көбінесе анықталмаған, сондықтан білім беру практикасын жетілдіруге ықпал етпейді. Орта мектеп оқушыларының зерттеу іс-әрекетінің маңызды ерекшелігі – жаңа білім мен іс-әрекет тәсілдерін ашуға, көбейтуге бағытталған шығармашылық компонент. Қазіргі педагогикалық жағдайлар географиялық білім беру жағынан түбегейлі жаңа білім беру технологиялары мен оқыту тәсілдерін талап етеді. Қазіргі шеңберде бұл шарттарды бірқатар себептер бойынша орындау мүмкін емес, соның ішінде: көптеген мұғалімдердің оқушылардың зерттеу қызметін ұйымдастыруға дайындық деңгейінің жеткіліксіздігі және пысықталудың жеткіліксіздігі, сондай-ақ оларды география сабақтарында оқытудың әртүрлі кезеңдерінде оны ұйымдастырудың мазмұны, әдістері мен формаларының белгісіздігі. Мақалада, жалпы білім беретін мектептерде география сабағы бойынша оқушылардың зерттеушілік қызметін ұйымдастыру тәсілдері қарастырылды.

**Кілт сөздер:** оқу-зерттеу қызметі, әдістеме, географияны оқыту, жобалау және зерттеу қызметі, экскурсия, зерттеу сабақтары, зерттеу қызметін ұйымдастыру.

*Тастемир У.О., Бердыгулова Г.Е.*  
*Казахский национальный педагогический университет имени Абая,*  
*г. Алматы, Казахстан*

## **ОРГАНИЗАЦИЯ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ УЧАЩИХСЯ ПО УРОКАМ ГЕОГРАФИИ В ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ШКОЛАХ**

### *Аннотация*

Изменения, происходящие в современном образовательном процессе, требуют от современных специалистов принятия различных самостоятельных, быстрых и нестандартных решений и не могут быть полностью обеспечены существующей системой обучения. В настоящее время образовательные программы насыщены новой информацией, в результате чего учащиеся не всегда сосредотачиваются на приобретении новых знаний и навыков и едва ли следят за современными научными достижениями, не всегда осознавая их важность. Для преодоления этого недостатка предусмотрено специализированное обучение, одной из основных целей которого является развитие у учащихся способности видеть, исследовать и решать проблемы. Эта цель может быть достигнута только путем создания условий для освоения учащимися исследовательской деятельности, которые развивают исследовательские навыки учащихся среднего уровня. Исследовательскую деятельность можно трактовать как процесс усвоения новых знаний, что является формой познавательной деятельности школьника. Но в современных специализированных педагогических словарях в контексте учебных задач часто используются следующие понятия: исследовательское обучение, исследовательские методы обучения, исследовательская деятельность. Они часто неопределенны и, следовательно, не способствуют совершенствованию образовательной практики. Важной особенностью исследовательской деятельности старшеклассников является творческая составляющая, направленная на раскрытие, воспроизведение новых знаний и способов деятельности. Современные педагогические условия требуют принципиально новых образовательных технологий и подходов к обучению с точки зрения географического образования. В современных рамках эти условия не могут быть выполнены по ряду причин, в том числе: недостаточный уровень подготовки и недостаточная проработанность многих учителей к организации исследовательской деятельности учащихся, а также неопределенность содержания, методов и форм ее организации на различных этапах обучения их на уроках географии. В статье рассмотрены подходы к организации исследовательской деятельности учащихся по урокам географии в общеобразовательных школах.

**Ключевые слова:** учебно-исследовательская деятельность, методология, преподавание географии, проектно-исследовательская деятельность, экскурсии, исследовательские занятия, организация исследовательской деятельности.

*U.O. Tastemir, G.E. Berdygulova*  
*Abai Kazakh National Pedagogical University,*  
*Almaty, Kazakhstan*

## **ARRANGEMENT OF STUDENTS' RESEARCH IN GEOGRAPHY CLASSES IN GENERAL EDUCATION SCHOOLS**

### *Abstract*

The changes taking place in the modern educational process require modern specialists to make various independent, quick and non-standard decisions and cannot be fully provided with the existing training system. Currently, educational programs are saturated with new information, as a result of which students do not always focus on acquiring new knowledge and skills and hardly follow modern scientific achievements, not always realizing their importance. To overcome this disadvantage,

specialized training is provided, one of the main goals of which is to develop students' ability to see, explore and solve problems. This goal can be achieved only by creating conditions for students to master research activities that develop the research skills of middle-level students. Research activity can be interpreted as a process of assimilation of new knowledge, which is a form of cognitive activity of a student. But in modern specialized pedagogical dictionaries, the following concepts are often used in the context of educational tasks: research training, research teaching methods, research activity. They are often vague and, therefore, do not contribute to the improvement of educational practice. An important feature of the research activity of high school students is the creative component aimed at the disclosure, reproduction of new knowledge and ways of activity. Modern pedagogical conditions require fundamentally new educational technologies and approaches to teaching from the point of view of geographical education. In the modern framework, these conditions cannot be met for a number of reasons, including: insufficient level of training and insufficient elaboration of many teachers to organize students' research activities, as well as the uncertainty of the content, methods and forms of its organization at various stages of their education in geography lessons. The article discusses approaches to the organization of research activities of students in geography lessons in secondary schools.

**Key words:** educational and research activities, methodology, teaching geography, design and research activities, excursions, research classes, organization of research activities.

**Кіріспе.** Мұғалім мен білім беру мекемесінің басым қызметі өзін-өзі жүзеге асыру, дамыту мәселелерін шешу ғана емес, сонымен қатар оқушының еркін және тәуелсіз тұлғасын дамыту болып табылады. Бұл проблемалар білім беру процесін жетілдірудің заманауи, тұлғаға бағытталған формаларын, әдістері мен технологияларын іздеу қажеттілігін анықтайды. Білім беру жүйесінің проблемаларын шешудің мүмкін тәсілдерінің бірі оқушылардың зерттеу қызметі болып табылады. Мектеп оқушыларының ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысуы олардың жалпы дамуына ықпал етеді, соның ішінде:

- зерттеу және шығармашылық қабілеттер;
- мақсат қою қабілеті;
- қажетті білімді қалыптастыру қабілеті;
- топтық жұмыста коммуникативті мәдениет;
- ақпараттық кеңістікті бағдарлап қана қоймай, ақпаратпен жұмыс істеудің жаңа технологияларын игере білу;
- зерттеу қызметін жоспарлай білу;
- өз қызметінің процесі мен нәтижесі туралы ойлана білу;
- зерттеу қызметінің нәтижесін ұсына білу.

Борытко Н.М., Альбуханова-Славская К.А., Давыдов В.В., Ермаков С.В., Загвязинский В.И., Леонтьев А.Н. сияқты ғалымдар өз зерттеулерінде зерттеу жұмысы – жеке тұлға мен шығармашылық шабыт көрсететін қызмет субъектісіне де әсер ететіндігін баяндаған болатын [1, б. 66].

Зерттеу әдісі мен дидактиканы ұйымдастыру мәселелерін Шаповаленко С.Г., Крупская Н.К., Шацкий С.Т., Скаткин М.Н., Райков Б.Е., И.Я. Лернер және басқа ғалымдар тұжырымдамасын негіздеген болатын [2, б. 55-61]. О.В. Лебедеваның еңбегінде кез келген оқу зерттеуінің мақсаты білім алудан басқа, оқушылардың ғылыми-зерттеу іс-әрекетін жүргізу дағдыларын қоршаған әлемді игерудің әмбебап әдісі ретінде игеру, субъективті жаңа білім алу негізінде оқушының жеке басын белсендіру арқылы зерттеу ойлауын дамыту болып табылады [3, б. 58-62].

Қазақстандық Бейкитова А.Н., Шакирова Н.Д. еңбектері басшылыққа алына отырып жасалынды [4]. Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша жазылған қазақстандық оқулықтар мен оқу құралдарының авторлары К.Д. Каймулдинова, Б.Ш. Әбдіманапов, С. Әбілмәжінова, Р. Ә. Қаратабанов еңбектері пайдаланылды [5].

Ғылыми зерттеуді білім қорын ұлғайту мақсатында жүргізілетін шығармашылық және жүйелі жұмыс» деп анықтауға болады. Бұл білім қоры жаңа білімді үздіксіз құруды, демек, жаңа қосымшалар мен өнімдерді құруды жеңілдетеді [6, б. 737].

Психологиялық антропология кафедрасының профессоры А.С. Обухов зерттеулерінде, зерттеу қызметі оқушы мен мұғалім арасындағы өзара әрекеттесу екенін атап өтті. Жалпы зерттеудің міндеті – өзара әрекеттесу кезеңдерінде ақпарат алмасуда орын алатын сұраққа жауап табу және оның нәтижесі мектеп оқушыларының дүниетанымы мен зерттеу ұстанымын қалыптастыру болуы керек делінеді [7, б. 91-93].

Өз кезегінде, М.В. Кларин білім беру процесі – ғылыми зерттеу немесе жаңа білімді іздеу процесін модельдеуі керек дейді [8]. Ғылыми-зерттеу жұмыстары оқушының мәселені өз бетінше анықтап, шешетіндігін көрсетті, олар мәселені шешудің жолдарын іздейді, алынған мәліметтерді талдау арқылы шешімдерін тексереді, қорытынды жасайды және алған дағдыларын одан әрі іс-әрекетте қолданады [9, б. 23].

Соңғы үш онжылдықта цифрлық ойындардың өсуіне байланысты, географияны оқытуда ойындарды қолданудың мектеп оқушыларының зерттеу танымдалығының өсуіне үлкен септігін тигізеді [10]. Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, біз кез келген ғылыми және білім беру зерттеулерінің негізі келесі компоненттер болатынын анықтадық: бақылау, гипотеза жасау, эксперимент жүргізу және олардың қызметін құру. Ғылыми және білім беру зерттеулерінің айырмашылығы олардың жаңалығы мен зерттеу көлемінде.

Зерттеу қызметінің мәселесіне М.М. Рубинштейн үлкен назар аударды, ол зерттеу әрқашан теориялық болмауы керек және ол міндетті түрде жаңа нәтиже беруі керек екенін атап өтті. Зерттеу сынақ болуы мүмкін және бұл жағдайда оны кім жүргізгені үшін ғана зерттеу болып қала береді деп айтқан болатын [11].

**Зерттеу материалдары мен әдістері.** Сонымен қатар, педагогикалық практикада зерттеу дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін орта мектепте зерттеу қызметін ұйымдастыру мәселесі жеткіліксіз дамыған. Қолда бар зерттеулердің мазмұны мен нәтижелерін талдау мақала тақырыбының өзектілігін растайды.

*Зерттеудің мақсаты:* география сабақтарында оқушылардың зерттеу қызметін ұйымдастырудың педагогикалық шарттарын анықтау болып табылады. Осы мақсатқа жету үшін бірқатар міндеттерді алдыға қойдық, олар:

1. Зерттеу мәселесі бойынша педагогикалық, психологиялық, әдістемелік әдебиеттерді талдау.

2. Оқушылардың зерттеу дағдыларының құрылымын, мазмұнын және даму ерекшеліктерін анықтау.

3. Орта мектепте география сабақтарында зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталған үлгілі тапсырмалар жүйесін әзірлеу.

4. Орта мектепте география сабақтарында оқушылардың зерттеу қызметін ұйымдастырудың әдістемелік ұсыныстарын әзірлеу.

5. Зерттеу материалдарын қорытындылау.

Қойылған міндеттерді шешу үшін мынадай әдістер пайдаланылды:

- теориялық: зерттеу мәселесі бойынша психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау;
- эмпирикалық: бақылау; диагностика, тәжірибелік-ізвестіру жұмысы; оқушылар қызметінің өнімдерін талдау.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы: орта мектепте география сабақтарында зерттеу дағдыларын дамытуға ықпал ететін оқушылардың зерттеу қызметін ұйымдастырудың педагогикалық шарттары негізделген. Зерттеудің практикалық маңыздылығы: орта мектепте зерттеу дағдыларын қалыптастыру бойынша тапсырмаларды әзірлеу, сынақтан өткізу және енгізудің маңыздылығы. Зерттеу нәтижелерін география мұғалімдері жалпы білім беру мекемесінің білім беру процесінде қолдана алады.

**Зерттеу нәтижелері.** Педагог-ғалымдардың еңбектеріне назар аударатын болса, біз оқу және зерттеу қызметі деп мектеп оқушыларының алдын-ала белгісіз нәтижемен зерттеу және шығармашылық мәселелерді шешумен тікелей байланысты қызметті түсінуді ұсынамыз [12, б. 34]. О.А. Леонтович география сабақтарында зерттеу қызметін ұйымдастырудың келесі ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттарын анықтайды:

• Зерттеу технологиясын қолдана отырып, өз пәнін оқытуға ынталандырылған мектеп мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігін құру.

• Зерттеу дағдыларын, оқушылардың қабілеттерінің құрылымын ескере отырып, олардың зерттеу дағдыларын дамытуға ықпал ететін топтық оқытуды ұйымдастыру.

• Білім беру процесінде мұғалім мен оқушылардың субъектілік өзара іс-қимылын жүзеге асыру.

• Әзірленген оқу-әдістемелік кешенді қолдану (авторлық бағдарлама, электрондық оқу құралы, оқушыларға арналған жұмыс дәптері, әдістемелік құрал, мұғалімге арналған жұмыс дәптері).

Табысты педагогикалық тәжірибені талдау бізге география сабақтарында зерттеу қызметін ұйымдастыру жүйесін әзірлеуге және оны ұйымдастырудың педагогикалық шарттарын анықтауға мүмкіндік берді. Біз ұсынатын жүйе пән бойынша жұмыс бағдарламасына және оқу-тақырыптық жоспарлауға сәйкес келеді. Педагогикалық жобалаудың негізгі мазмұны географияны оқыту логикасында зерттеу тапсырмаларын енгізу, тиімді технологияларды, оқу қызметін ұйымдастырудың формалары мен оқыту әдістерін анықтау болып табылады. Біз 1-кестеде келтірілген география курсына оқу-тақырыптық жоспарлаудың үзіндісін көрсеттік.

*Кесте 1 – География сабақтарын оқу-тақырыптық жоспарлау*

| № | Сабақтың тақырыбы                          | Оқу қызметін ұйымдастыру нысандары | Зерттеу қызметі негізінде оқу әрекеттері                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
|---|--------------------------------------------|------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | Географиялық қабық                         | Топтық, жұптық                     | Әлеуметтік нормалар тұрғысынан өз іс-әрекеттерін және басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалау.<br>Сабақтың немесе тапсырманың мәселелерін анықтау, тапсырманың мақсатын анықтау, гипотезалар мен оқу мәселесін шешу жолдарын ұсыну, оқу мәселесінің нақты шешімдерін ұсыну. Танымдық тапсырмалар: фактілерді талдау, салыстыру және жалпылау, себептерді анықтау, мәтіндік ақпараттың барлық деңгейлерін шегеру, Коммуникативті іс-әрекеттер: өз көзқарасын қорғау, дәлелдер келтіру, оларды фактілермен растау, жағдайды басқа позициядан көре білу және басқа позициядағы адамдармен келіссөздер жүргізу. |
| 2 | Климат түзуші факторлар                    | Жеке                               | Тұлғалық іс-әрекеттер: жаңа әлеуметтік рөлді қабылдау.<br>Реттеуші іс-әрекеттер: оқу проблемасын анықтау және тұжырымдау, оқу іс-әрекетінің мақсатын анықтау.<br>Танымдық іс-әрекеттер: ауа массаларының айналымын түсіндіріп, ұсынылған схемаларды өз бетінше талдау. Коммуникативті іс-әрекеттер: өз көзқарасын қорғау, дәлелдер келтіру, оларды фактілермен растау.                                                                                                                                                                                                                                      |
| 3 | Географиялық орналасуы және зерттеу тарихы | Топтық                             | Материктің географиялық жағдайы туралы білімді қалыптастыру;<br>Мәтінмен, презентациямен, үлестірме материалмен жұмыс жасау.<br>Танымдық іс-әрекеттер: фактілер мен құбылыстарды талдау, салыстыру, жіктеу және жалпылау, қорытынды жасау.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |

Зерттеу дағдыларын дамыту бойынша жұмыс үш кезеңде жүзеге асырылды:

- Анықтаушы: кезеңнің мәні зерттеу дағдыларының бастапқы деңгейін және оқушылардың мотивация дәрежесін анықтау үшін. Бақылау және сауалнама процедураларын жүргізу болды.
- Қалыптастырушы: оқу процесіне оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту моделін енгізуді және оны жүзеге асырудың педагогикалық жағдайларын түзетуді қамтыды.
- Қорытынды кезең: бақылау және сауалнама рәсімдерін қайта жүргізу, алынған нәтижелерді сандық және сапалық бағалау.

География сабақтарында негізгі мектеп оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптастыру үшін мұғалім сұрақтарға жауап беруі керек:

1. Зерттеу дағдыларын қалай дамытуға болады?
2. Зерттеу дағдыларын үйретуге бола ма?
3. Оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту мүмкіндіктерін зерттеу кезінде мұғалім қандай әдебиеттерге назар аударуы керек?
4. Білім алушылардың зерттеу дағдыларын дамытуды бағалау критерийлерінің жүйесі қандай?

География сабақтарында оқушылардың зерттеу қызметінің технологиясы тұлғаның көптеген компоненттерін дамытуға кең мүмкіндіктер жасайды: шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі, ойлаудың ұтымды стилі, теориялық және практикалық сабақтар.



Сурет 1. География сабағында оқушылардың зерттеу қызметін ұйымдастыру тәсілдері

Жоба бойынша жұмыс, әсіресе география пәні бойынша, ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қолдауынсыз мүмкін емес, сонымен қатар жұмыстың қажетті бағытын зерттеу мүмкін емес. Білім беру процесінде, келесі ақпараттық коммуникациялық технологиялардың элементтерін қолдануға болады:

- компьютер мен мультимедиялық проектор арқылы көрсетілетін электрондық оқулықтар;
- тренажерлер мен тестілеу бағдарламалары;

- суреттер мен иллюстрациялары бар DVD және CD дискілері;
- бейне және аудио техникалары.

Зерттеу жобасы – зерттеу тақырыбы мен әдістерін нақты анықтауды қамтиды. Толық көлемде бұл ғылыми зерттеулермен сәйкес келетін жұмыс болуы мүмкін және ол тақырыпты негіздеуді, зерттеу мәселесі мен міндеттерін анықтауды, ақпарат көздерін және мәселені шешу жолдарын анықтауды, алынған нәтижелерді рәсімдеу мен талқылауды қамтиды. Зерттеу жобалары, әдетте, ұзақ уақытқа созылады және көбінесе оқушылардың емтихан жұмысы немесе мектептен тыс конкурстық жұмыс болып табылады.

Тәжірибеге бағытталған жоба, сонымен қатар жұмыстың нақты нәтижесін болжайды, бірақ алғашқы екеуінен айырмашылығы қолданбалы болып табылады, мысалы, география кабинеті үшін тау жыныстарының көрмесін рәсімдеу. География бойынша тәжірибеге бағытталған жобаларға мыналар жатады:

- адамның экономикалық қызметінің салдарын зерттеу жұмыстары;
- қалалар мен кенттер, ұлттық парктер сияқты жаңа нысандарды құру бойынша зерттеу жобалары;
- ғылыми станцияларды құру, оның ішінде табиғи ортаның экстремальды жағдайындағы зерттеу жобалары.

**Қорытынды.** Зерттеушілік оқыту негізгі әдіс болып табылады және негізгі мектеп оқушыларының зерттеу дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Нәтижелі зерттеу қызметі үшін зерттеу типі мен мазмұнының тапсырмаларын әзірлеу қажет және педагогикалық жобалаудың негізгі мазмұны географияны оқыту логикасына зерттеу тапсырмаларын енгізу, тиімді технологияларды, оқу қызметін ұйымдастыру нысандарын, оқыту әдістерін анықтау болып табылады.

Топтық жұмыс коммуникативтік дағдыларды, әр оқушының топтағы рөлінің маңыздылығын арттырады. Бұл оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға ықпал етеді және оқу-зерттеу қызметін, шығармашылық дағдыларды дамытуға, өз бетінше шешім қабылдау, ақпараттық кеңістікте бағдарлау қабілетін жетілдіруге көмек береді. Орта мектепте зерттеу дағдыларын қалыптастыру мәселесі өзекті, өйткені ол қоғамның әлеуметтік қажеттіліктерімен байланысты: оқушылар өз бетінше білім алуға және әртүрлі іс-әрекеттерді жүзеге асыруға қабілетті болуы керек. Дәстүрлі ұйымдастыру мен әдістемелік қамтамасыз етуге негізделген заманауи оқу процесі енді орта мектеп оқушыларының зерттеу қызметіндегі зерттеу дағдыларын толық қалыптастыра алмайды. Педагогикалық практиканың жай-күйін зерттеу және әдебиеттерді талдау негізінде оқушылардың зерттеу іс-әрекетінде зерттеу дағдыларын қалыптастырудың теориялық алғышарттары анықталды. Зерттеу мәселесі бойынша әдебиеттерді салыстырмалы талдау орта мектеп оқушыларының зерттеу дағдылары жалпыланған әрекеттер жиынтығы және олармен байланысты оқу жұмысының дағдылары жиынтығы екенін анықтады. Зерттеу дағдылары оқушылардың жаңа білімді өз бетінше игеру қабілетін, оқу процесінде сана мен белсенділікті қамтамасыз етеді.

Зерттеу аясында біз зерттеу дағдыларын қатаң реттелетін нақты әрекеттер мен операциялар түрінде ұсынуға болмайды деген қорытындыға келдік. Құрылымдау шартты болғандықтан және зерттеу тақырыбына, мақсатына, міндеттеріне байланысты өзгереді.

Жобалық қызметтің артықшылықтарының бірі – мектепте ерекше білім беру атмосферасын құру, бұл балаларға оқу іс-әрекетінің әртүрлі бағыттарында өздерін сынап көруге және өздерінің жағымды қасиеттері мен дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Ол мүмкіндіктер:

- мектеп бағдарламасындағы, оның ішінде география пәндерін оқу мотивациясын арттыру;
- өз бетінше шешім қабылдау;
- өз күшіне сену

Жобалау және зерттеу әдістері басқа технологиялармен шебер үйлеседі және оларды сабақта қолдануды жоққа шығармайды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Проказова О.Г. Организация исследовательской деятельности учащихся в системе работы в средней школе, Известия ВГПУ, 2010, С.66-69. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/organizatsiya-issledovatel'skoydeyatelnosti-uchaschihsya-v-sisteme-raboty-shkoly> (Дата обращения: 19.02.2023).
2. Осмоловская И.М. Дидактические идеи М.Н. Скаткина и их развитие //Проблемы современного образования, 2015, С.55-61. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/didakticheskie-idei-m-n-skatkina-i-ih-razvitie> (Дата обращения: 19.02.2022).
3. Лебедева О.В. Методическая подготовка учителя к реализации ФГОС //Нижегородское образование. – 2013. № 3. – С.58-62.
4. Бейкитова А.Н., Шакирова Н.Д., География. Әдістемелік нұсқау: Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сынып мұғалімдеріне арналған құрал. 1 бөлім. – Алматы: Мектеп, 2020. – 232 б.
5. Каймулдинова К., Абдимананов Б., Әбілмәжінова С., Саипов А., География. Оқулық: 11 сынып, – Мектеп, 2020.
6. Van D.T., Duy T.P., Hien T., Tho K., Cuong M.N., Huy T.N., Mohamed B., Rebecca S.D. Involvement of pharmacy students in scientific research activities in Vietnam. Currents in Pharmacy Teaching and Learning, Vol.14, Issue 6, June 2022, pp.737-746. <https://doi.org/10.1016/j.cptl.2022.06.004>
7. Львовская Г.Ф. Возможности исследовательской работы школьников в рамках компьютерного моделирования //В сборнике МКО «Научно-исследовательская деятельность учащихся». – М.: Школьная книга 2001. – 91-93 с.
8. Кларин М. В. Инновации в мировой педагогике: обучение на основе исследования, игры и дискуссии (Анализ зарубежного опыта). – Рига: НППЦ «Эксперимент», 1995. – 176 с.
9. Юлпатов Е.А. Формирование исследовательских умений старшеклассников в системе профильного обучения: Автореферат дисс. канд. пед. наук: 13.00.01 /Волгогр. гос. пед. ун-т. – Волгоград, 2007. – 23 с.
10. Guy M.R., Michael H., Robert J.M. Using games in geographical and planning-related teaching: Serious games, edutainment, board games and role-play. Social Sciences & Humanities Open, Vol.4, Issue 1, 2021, pp.1-10 <https://doi.org/10.1016/j.ssaho.2021.100208>
11. Разумовский В.Г. Научный метод познания и обучение. – М.: Гуманитар. изд. Центр ВЛАДОС, 2004. – 463 с.
12. Леонтович О.А. Методы коммуникативных исследований. – М.: Гнозис, 2011. – 221 с. С.34

References:

1. Prokazova O.G. (2010) Organizacija issledovatel'skoj dejatel'nost' uchaschihsja v sisteme raboty v srednej shkole [Organization of research activity of students in the system of work in secondary school], Izvestija VGPU, P.66-69. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/organizatsiya-issledovatel'skoydeyatelnosti-uchaschihsya-v-sisteme-raboty-shkoly> (accessed: 19.02.2023). (In Russian)
2. Osmolovskaja I. M. (2015) Didakticheskie idei M. N. Skatnina i ih razvitie [Didactic ideas of M. N. Skatnin and their development] //Problems of modern education, P.55-61. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/didakticheskie-idei-m-n-skatkina-i-ih-razvitie> (accessed: 19.02.2022). (In Russian)
3. Lebedeva O.V. (2013) Metodicheskaja podgotovka uchitelja k realizacii FGOS [Methodical preparation of a teacher for the implementation of the Federal State Educational Standard] //Nizhegorodskoe obrazovanie. № 3. – P.58-62. (In Russian)
4. Bejkitova A.N., Shakirova N.D. (2020) Geografija. Әдістемелік нұсқау: Zhalpy bilim беретін mekteptiң zharatylystanumatematika baғыtyndaғы 11-synyp mұғalimderine арналған құрал. 1 bөlim



[Geography. Methodical instruction: a tool for teachers of the 11th grade of the Natural Science direction of a comprehensive school. Part 1.]. – Almaty: Mektep. – 232 p. (In Kazakh)

5. Kajmuldinova K., Abdimanapov B., Əbilməzhinova S., Saipov A. (2020) *Geografija. Oqulyq: 11 synyp* [Geography. Textbook: Grade 11], -Almaty: Mektep. (In Kazakh)

6. Van D.T., Duy T.P., Hien T., Tho K., Cuong M.N., Huy T.N., Mohamed B., Rebecca S.D. (2022) *Involvement of pharmacy students in scientific research activities in Vietnam. Currents in Pharmacy Teaching and Learning*, Vol.14, Issue 6, pp.737-746. <https://doi.org/10.1016/j.cptl.2022.06.004>

7. L'vovskaja G.F. (2001) *Vozmozhnosti issledovatel'skoj raboty shkol'nikov v ramkah komp'yuternogo modelirovaniya* [Possibilities of research work of schoolchildren in the framework of computer modeling] // in the collection of the MKO "Research activity of students. – M.: Shkol'naja kniga. – 91-93 p.

8. Klarin M. V. (1995) *Innovacii v mirovoj pedagogike: obuchenie na osnove issledovaniya, igry i diskussii (Analiz zarubezhnogo opyta)* [Innovations in world pedagogy: learning based on research, games and discussion (Analysis of foreign experience)]. – Riga: NPC «Jeksperiment». – 176 p. (In Russian)

9. Julpatova E.A. (2007) *Formirovanie issledovatel'skih umenij starsheklassnikov v sisteme profil'nogo obuchenija* [Formation of research skills of high school students in the system of specialized training]. Abstract of dissertation of the Candidate of pedagogical Sciences: 13.00.01/Volgogr. gos. ped. un-t. – Volgograd. – 23 p. (In Russian)

10. Guy M.R., Michael H., Robert J.M. (2021) *Using games in geographical and planning-related teaching: Serious games, edutainment, board games and role-play. Social Sciences & Humanities Open*, Vol.4, Issue 1, pp.1-10 <https://doi.org/10.1016/j.ssaho.2021.100208>

11. Razumovskij V.G. (2004) *Nauchnyj metod poznaniya i obuchenie* [Scientific method of cognition and learning]. – M.: Gumanitar. izd. Centr VLADOS. – 463 p. (In Russian)

12. Leontovich O.A. (2011) *Metody kommunikativnyh issledovanij* [Methods of communicative research]. – M.: Gnozis. – 221 p. (In Russian)

**ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ЖӘНЕ ГЕОГРАФИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ  
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ  
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ЕСТЕСТВЕННЫХ И ГЕОГРАФИЧЕСКИХ НАУК  
ACTUAL PROBLEMS OF NATURAL AND GEOGRAPHICAL SCIENCES**

---

ӘОЖ 911.375.2  
FTAMP 39.21.02

*Н.Б. Рахманова, Д.Т. Алиасқаров*

*Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті  
Алматы қ., Қазақстан*

**ЖАҢА ДАМУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАЛАЛАРДЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ:  
МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ШЕШІМДЕР**

*Аңдатпа*

Бұл мақалада экономиканың, экологияның және әлеуметтік жағдайдың үйлесімді дамуын қарастыратын Тұрақты даму тұжырымдамасына, оның мақсаттарына назар аударылды. Әлем елдері дамуының бағдарына айналған тұрақты дамудың 17 мақсатына шолу жасалып, оның ішінде ТДМ 11 - «Тұрақты қалалар мен елді мекендер» дамуына ерекше мән берілді. Қалалар мен елді мекендердің тұрақты даму ықпалы жүзеге асуы керек екендігі жөнінде нақты критерийлер көрсетілді. БҰҰ-ның ТДМ перспективалық даму жоспарының қағидаттарын, алғашқылардың бірі болып өз экономикасына енгізе бастаған Қытай елінің тәжірибесіндегі тиімді шешімдеріне назар аударылды. Қытай елінің тұрақты дамуды қолдаудағы басқа елдерден ерекшелігі, оның экономика, көлік саласындағы атқарылып жатқан жұмыстары мен қалаларындағы негізгі тенденциялар, инновациялық даму бойынша шешімдері – шетелдік озық тәжірибелерге негіз болады. Урбандалудағы жаһандық трендтің Қазақстандағы көрінісіне шолу жасалып, «Экономикалық зерттеу институты» АҚ келтірген ақпараттары бойынша Қазақстанның 25 қаласының «экономика және бизнес», «адам ресурсы», «инфрақұрылым» факторлары бойынша өмір сүру сапасына талдау жасалып, әр топтағы көш бастаушы және өте төмен деңгейді көрсеткен қалаларға салыстырмалы талдаулар жасалды. «Тұрақты қалалар мен елді мекендер» атты мақсат біздің елде қалай жүзеге асырылып жатқандығын бақылау үшін, Алматы мен Стамбул қалаларының әлеуметтік, экономикалық, экологиялық, қаржылық жағдайын көрсететін біршама Mercer индексі секілді индикаторлар бойынша салыстырулар жасалды, әлсіз тұстары мен ұқсастықтары анықталды. 2020-жылдың 6-ақпанында Астана қаласындағы Назарбаев Университетінде Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасының «Урбанизация Қазақстандағы инклюзивті және тұрақты дамудың үдеткіші ретінде» тақырыбындағы баяндамасында еліміздегі урбандалу үдерісіне, елдің адам даму индексындағы орнына берілген сипаттамаларға мысалдар келтірілді. Қорытынды ретінде Қытай елінің және Стамбул қаласының тұрақты дамудағы энергетика, көлік салалары бойынша озық тәжірибелерінен бірнеше ұсыныстар әзірленді.

**Кілт сөздер:** тұрақты даму мақсаттары, қалалар, Mercer индексі, қалалық ортадағы өмір сүру сапасы, жаһандық урбандалу трендтері.

*Рахманова Н.Б., Алиаскаров Д.Т.*  
*Казахский национальный педагогический университет имени Абая,*  
*г. Алматы, Казахстан*

## **УСТОЙЧИВОЕ РАЗВИТИЕ ГОРОДОВ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ: ПРОБЛЕМЫ И РЕШЕНИЯ**

### *Аннотация*

В данной статье основное внимание было уделено концепции устойчивого развития, ее целям, рассматривающим гармоничное развитие экономики, экологии и социальной ситуации. Проведен обзор 17 Целей устойчивого развития, ставших ориентиром развития стран мира, в том числе особое внимание уделено развитию ЦУР 11 - «Устойчивые города и населенные пункты». Были продемонстрированы конкретные критерии, по которым города и населенные пункты должны быть обеспечены устойчивым развитием. Акцент был сделан на принципах перспективного плана развития ЦУР ООН, эффективных решениях на практике страны Китая, которая одной из первых начала внедрять в свою экономику. Отличительная черта Китая от других стран в поддержке устойчивого развития, его основные тенденции в экономике, работе и городах в сфере транспорта, решения по инновационному развитию – основа передового зарубежного опыта. Проведен обзор проявления глобального тренда урбанизации в Казахстане, проведен анализ качества жизни по факторам «экономика и бизнес», «человеческий ресурс», «инфраструктура» 25 городов Казахстана по информации, приведенной АО Институт экономических исследований, проведен сравнительный анализ городов, показавших лидирующие и очень низкие уровни в каждой группе. Для наблюдения за тем, как в нашей стране реализуется цель «Устойчивые города и населенные пункты», были проведены сравнения по таким индикаторам, как индекс Mercer, показывающий социальное, экономическое, экологическое, финансовое состояние городов Алматы и Стамбул, выявлены слабые места и сходства. 6 февраля 2020 года в Назарбаев Университете г. Астаны в докладе Программы развития Организации Объединенных Наций на тему «Урбанизация как ускоритель инклюзивного и устойчивого развития в Казахстане» были приведены примеры процессов урбанизации в нашей стране, характеристик, приведенных в индексе человеческого развития страны. В заключение было разработано несколько предложений из передового опыта Китая и города Стамбул в области энергетики и транспорта в устойчивом развитии.

**Ключевые слова:** цели устойчивого развития, города, индекс Мерсера, качество жизни в городской среде, тенденции глобальной урбанизации.

*Rakhmanova N.B., Alyaskarov D.T.*  
*Abay Kazakh national pedagogical university, Almaty, Kazakhstan*

## **SUSTAINABLE URBAN DEVELOPMENT IN THE CONTEXT OF GLOBALIZATION: PROBLEMS AND SOLUTIONS**

### *Abstract*

In this article, the main attention was paid to the concept of sustainable development, its goals, considering the harmonious development of the economy, ecology and social situation. A review of 17 Sustainable Development Goals, which have become a benchmark for the development of countries around the world, was conducted, including special attention paid to the development of SDG 11 – «Sustainable cities and human settlements». Specific criteria were demonstrated by which cities and settlements should be provided with sustainable development. The emphasis was placed on the principles of the long-term development plan of the UN SDGs, effective solutions in practice of the country of China, which was one of the first to introduce into its economy. The distinctive feature of China from other countries in supporting sustainable development, its main trends in the economy, work

and cities in the field of transport, innovative development solutions are the basis of advanced foreign experience. A review of the manifestation of the global trend of urbanization in Kazakhstan was conducted, an analysis of the quality of life by the factors «economy and business», «human resource», «infrastructure» of 25 cities of Kazakhstan was carried out according to the information provided by the Institute of Economic Research JSC, a comparative analysis of cities that showed leading and very low levels in each group was carried out. To observe how the goal of «Sustainable Cities and settlements» is being implemented in our country, comparisons were made on indicators such as the Mercer index showing the social, economic, environmental, financial condition of the cities of Almaty and Istanbul, weaknesses and similarities were identified. February 6, 2020 at Nazarbayev University Astana in the report of the United Nations Development Program on the topic «Urbanization as an accelerator of inclusive and sustainable development in Kazakhstan», examples of urbanization processes in our country, characteristics given in the country's human development index were given. In conclusion, several proposals were developed from the best practices of China and the city of Istanbul in the field of energy and transport in sustainable development.

**Keywords:** sustainable development Goals, cities, Mercer index, quality of life in an urban environment, trends in global urbanization.

**Кіріспе.** Қаланы үлкен ресурстарға ие, көптеген шығармашылықтың, әртүрлі эксперименттердің, жаңа идеялар мен инновациялық жетістіктердің, білім және тәжірибенің алмасу ортасы деуге болады. Сондықтан қалада тұрғындар дамиды, білім алады, тұлға ретінде қалыптасады және өмір сүреді. Урбанизация мен қалалар халықаралық аренада барған сайын оң назар аударуда, бұған «Қаланың салтанаты: біздің ең үлкен өнертабысымыз бізді қалай бай, ақылды, жасыл, сау және бақытты етеді» [1] «Егер әкімдер әлемді басқарса: жұмыс істемейтін мемлекеттер, өсіп келе жатқан қалалар» [2] және «Қалалар сіз үшін жақсы: мегаполистің данышпаны» [3] мақалалары дәлел бола алады.


2015 жылы БҰҰ саммитінде әлемдегі ең өзекті мәселелер негізінде 17 мақсатты қамтитын Тұрақты даму бағдарламасы жасалған болатын [4]. Бәрімізге белгілі, осы уақытқа дейінгі даму үдерісінде ресурстардың шектеулі және қалпына келтіруге көп уақыт кететіндігі жайлы білсек те, көбірек пайда табуға жұмыс жасадық, оның әлеуметтік, экономикалық және экологиялық салдарына баса назар аударылмады. Нәтижесінде осы салаларда әртүрлі мәселелер туындады. Енді осы өзекті мәселелерді бірлесіп шешу және алдын алу мақсатында осы перспективалық бағдарлама енгізілген болатын. Бағдарламада көрсетілген мақсаттарға 193 елдің көшбасшылары келісімін білдірді [5]. Соның ішіндегі 11-мақсат «Тұрақты қалалар мен елді мекендер» деп аталады және осы мақсат айналасында дүниежүзі елдері қандай істер атқарып жатқандығы, қалалар мен елді мекендердің тұрақты дамуы қалай болу керектігі жөнінде осы мақалада сөз ететін боламыз.

ТДМ шеңберіндегі басты жаңалық-қазіргі негізінен урбанизацияланған әлемдегі барлық жерде тұрақты даму үшін даусыз маңызы бар қалалық аймақтарға баса назар аудара отырып, алғаш рет субұлттық мақсатты енгізу [6, 7]. Тұрақты болу үшін қала, оның өзгеруіне тең, қала жерін қалпына келмейтін ресурс ретінде барынша пайдалана отырып, шынайы қатысу негізінде тұтас жоспарлануы керек және сонымен бірге пассивті энергетикалық құралдар арқылы ішкі орта үшін тиісті құпиялылыққа кепілдік береді [8]. Бірнеше жыл бойы тұрақты қала дамуының алдыңғы қатарында болған қала ретінде Швецияның астанасы Стокгольм бүкіл әлемге танылды және мақтауға ие болды (Bradley, Hult және Cars 2013; Lindström және Lundström 2008). Халт (2013, 84) [9] бұл жаһандық тануға Швецияның консалтингтік және инженерлік фирмасы Sweco Швеция Үкіметінің тапсырысы бойынша 2002 жылы Йоханнесбургте өткен дүниежүзілік саммит үшін әзірлеген тұрақты қала тұжырымдамасы ықпал етті деп мәлімдейді [10].

**Зерттеу материалдары мен әдістері.** Мақаланың зерттеу материалының негізін қалалардың тұрақты дамуын зерттеп жүрген теоретик ғалымдар мен ғылыми ұйымдардың зерттеу жұмыстары, талдау, жүйелеу, тұжырымдау негізіндегі әдістер басшылыққа алынды. Әсіресе, «Тұрақты дамудың» негізгі қағидаттары мен ұстанымдары басшылыққа алынды:

- қалалардың тұрақты дамуы оларды өміршең етеді, бейімделуге, қолайсыз әсерлерді азайтуға, оң әлеуметтік-экономикалық және экологиялық өзгерістерді ынталандыруға қабілетті;
- тұрақты даму - қаланың салауатты дамуының барлық аспектілерін қамтиды және қаржы-экономикалық, әлеуметтік және экологиялық проблемаларды шешуді қамтамасыз етуі тиіс;
- «Қалаларды тұрақты дамыту» бастамасы Еуропа мен Орталық Азия өңіріндегі қалалардың тұрақтылығын арттыру міндеттерін шешуде қалалар мен мемлекеттік бағдарламаларға қолдау көрсетуді көздейді [11].

Осы қағидаттар негізінде айтар болсақ, қалалардың тұрақты дамуы – бұл бірнеше жылға жоспарланған және әлемнің кез келген қаласының тұрақты түрде экономикалық, экологиялық және әлеуметтік тұрғыда дамуына көмектеседі. «Қалалардың тұрақты дамуы» ол тұрғындардың қауіпсіз және жайлы өмір сүруіне барлық жағдайдың жасалуы десек қателеспейміз. Дүниежүзілік Банк өзінің ресми парақшасында жариялаған мақаласында 4 негізгі бағыттың жиынтығынан пайда болған «қолданбалы білімді тарату жөніндегі қауымдастық» тұжырымдамасы тұрақты даму мәселелері бойынша қолданылған 8 тақырыптық модульді ұсынады (1-сурет):



Сурет 1 – Дүниежүзілік Банктің ресми сайтындағы жарияланған мақаладан қазақшаға аударылды [11]

1-суретте 8 модуль қарастырылған және әрқайсысы тікелей бір бірімен байланысты дамиды. Әр модульге жеке анықтама және мысалдар келтірілген, соның ішінде мысалы қалалық көлік модулінде қаладағы қоғамдық көліктің роліне баса назар аударады, яғни қалада халық саны өскен сайын көлікке деген сұраныстың артуы, ал көлік ол атмосфераны ластаушы көзі екенін есептесек, демек, қоғамдық көліктерді тиімді қолданудың, ластану салдарын азайтудың жолдарын қарастыруды көздейді.

**Зерттеу нәтижелері және талқылаулар. Қытай тәжірибесі.** Қалалардың тұрақты дамуы тұрғысынан мысал ретінде Қытай елінің урбандалу деңгейі мен қарқыны қаншалықты деңгейде және қалаларында тұрақты даму қаншалықты көрініс табуда сол жағынан қарастырып көреміз. Қытай 2030 жылға дейінгі Тұрақты даму күн тәртібіне үлкен мән береді. Қытай Сыртқы істер министрлігі 43 үкіметтік ведомстводан тұратын ведомствоаралық үйлестіру механизмін құруға жетекшілік етті. Қытай сонымен қатар 2030 жылға дейінгі Тұрақты даму күн тәртібін іске асыру бойынша ұлттық бағдарламаны әзірлеген әлемдегі бірінші ел [12] бұл бағдарлама 2030 жылға дейінгі Тұрақты даму күн тәртібін Қытайдың орташа және ұзақ мерзімді даму жоспарларымен

біркелкі үйлестіреді. Отандық ғалымдар мен ірі ғылыми-зерттеу институттары ТДМ-ны оқшаулау бойынша зерттеулерді белсенді түрде алға тартты және әрбір ТДМ-ны өлшеп, бақылап отырды [13]. Біріккен Ұлттар Ұйымының экономикалық және әлеуметтік мәселелер жөніндегі департаментінің 2020 жылдың «Мемлекеттердің урбандалу деңгейі» рейтингі бойынша Қытай 60,3% құрап, 97-орынға ие болса, Қазақстанның урбандалу деңгейі 57,5% көрсетіп, 104-орынға, ал Қытаймен іргелес жатқан Үндістан 34,5% урбандалу деңгейімен 161-орында орналасты. Қытайдың бұл көрсеткіші салыстырмалы түрде төмен болғанымен урбандалу тарихын ескерсек, әлдеқайда жоғары өсімнің болып жатқандығын көруге болады.

Қытай басқалардан қарағанда инвестицияларды көптеп тарту нәтижесінде алғашқылардың бірі болып тұрақты даму мен жасыл экономикаға көшуді бастаған болатын. Қытайдың бұл жолдағы өзгерісі мен әдісі басқа еуропалық елдерге ұқсамайтын өзіне тән ерекшеліктерге ие болды:

- біріншіден, индустрияландыруға қарсы күрес тұрақты дамудың қытайлық түсіндірмесіне кірмейді, керісінше, олардың дамуы экологиялық мәселелерді шешу тәсілі ретінде қарастырылады.

- екіншіден, мемлекет елдің құрылықтық аудандарын дамытады, елдің оңтүстігінен солтүстігіне су тасымалдау, көлік желісін кеңейту сияқты инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асырады, ескі аудандардағы жер құнын арттыру және Ұлттық экологиялық стандарттарды қатаңдату арқылы өндірістік кәсіпорындарды жаңа өнеркәсіптік аудандарға көшіруді ынталандырады.

- Үшіншіден, тұрақты даму Қытайда жарқын әлеуметтік аспектке ие (кедейлікпен, урбанизацияның өсуімен күрес) [14].

Қытай мемлекеті «тұрақты даму + инновация + технологиядағы жетістік» формуласымен даму үстінде деп айтсам қателеспейміз. Себебі, қазіргі таңда тұрақты даму қарсаңында дәстүрлі энергиядан бас тартып, мөлшерін азайтып, баламалы энергия көздерін қолдануға көшуде, тек қана қолданып қоймай осы салаға көптеген инвестицияларды салып, жетік технологияларын шетелдерге экспорттауда. Осы жұмыстардың нәтижесін әлемдегі баламалы энергияның рейтингтерінен де көруге болады. Мысалы, гелиоэнергетика (күн энергиясы) бойынша Қытай Германиядан кейінгі екінші орын болса, ал су және жел энергиясы бойынша алғашқы орындарды алып келеді. Басқа да елдер Қытайдың баламалы энергетикасының қарқынды дамып жатқандығын алға тартады. Негізгі даму реттілігі бойынша жел, су және күн энергиясын айтуға болады.

**Көлік саласындағы тұрақты даму.** Қытайдың көлік саласындағы тұрақты дамуын бес сөзге сыйғызуға болады:

- Әмбебап;
- Ыңғайлы;
- Таза;
- Ақылды;
- Сенімді.

Әрқайсысын қысқаша талдап көрсек, көлік саласындағы «әмбебаптылығы» оның барлық көлік желісінің жоғары деңгейде байланысқандығы және қолжетімділігімен сипатталады. Қытайдың жоғары жылдамдықты теміржол жүйесі миллионер қалалардың 95%-дан астамын қамтиды. Жедел жолдар 200 000-нан астам тұрғыны бар 98%-дан астам қызмет көрсетеді, ал аудандық деңгейдегі қалалардың 92%-ы азаматтық әуежайларға қол жеткізе алады [15]. Тіпті, пойыздардың жылдамдығы мен үздік темір жолдары жөнінен әлем елдерінде алғашқы орындарды иеленгенінен көруімізге болады. Ал, көлік желісіндегі «ыңғайлылығын» жыл сайын ауылдық елді мекендер мен ірі қалаларды байланыстыратын көлік инфрақұрылымының қарқынды дамуы және аэропорттардың салынуымен дәлелдеуге болады. Аэропорттардың саны жөнінен Қытай алғашқы 15 елдің тізіміне кіреді. Бұл – жылдан жылға алыс елді мекенде тұратын жергілікті халықтың мобильділігін арттыруға көмектеседі. Көлік саласындағы «тазалығы» көліктер-

дің қарқынды түрде жаңа энергия көздеріне көше бастауынан көруге болады. Шанхай Линганның жаңа ауданында 8,5 шақырымдық интеллектуалды қоғамдық көлік желісі ашылды. Шамамен 30 минут бойы сағат тілімен жүретін ақылды тегін автобустарды пайдалану үшін мобильді қосымшаны жүктеу қажет [15]. Бұл өз кезегінде көлік жүйесінің «ақылдылығына» мысал бола алады. Ал, «сенімділігін» көлік инфрақұрылымындағы жалпы ірі апаттардың аз болуымен байланыстыруға болады. Қытай елі жолаушы мен жүктің өз діттеген жеріне қауіпсіз жетуіне көп көңіл бөледі.

Қытай мемлекетінің қалаларының дамуындағы негізгі тенденциялар:

- Қаланы кластерлерге бөлу (агломерацияға / интенсивті дамудағы қала аймақтары);
- Қала географиясы мен функционалды зоналарға бөлу;
- «Ұлттық қалалық орталық» (Пекин, Шанхай, Гуанчжоу, Тяньцзинь, Чунцин).


Қалалардың дамуы қарқынды жүрген сайын елде қаланың функционалды зоналарына баса назар аударылуда. Мысалы, Пекинде қала құрылысы қаланың географиялық сипаттамаларын, тарихи дәстүрлерді, ресурстарды, функционалдық қажеттіліктерді ескере отырып жүзеге асырылады. Пекиннің он бірінші бесжылдық даму жоспарына сәйкес қала төрт функционалды аймаққа бөлінеді: біріншісі – саяси және мәдени орталық, екіншісі – қаланы кеңейтетін және ұзартатын аумақтар, үшіншісі – өмір сүруге және демалуға арналған аймақ, төртіншісі – экологиялық аймақ [16]. Ірі қалалар мен елді мекендерді байланыстыру мақсатында қарқынды түрде құрылыстар жүріп жатыр, көлік инфрақұрылымы қарқынды дамуда, десе де қаланың экологиялық функционалды зонасына ешқандай құрылыс немесе басқа да әрекеттерге рұқсат бермейді.

Қытай Халық Республикасының тұрақты дамудағы іс-әрекеттерін қорытындылайтын болсақ, жалпы прогресс байқалады. Урбандалу үдерісі қарқынды бола бастаған сайын жаңа проблемалар туындауда, десе де қазіргі таңда жоғарыда атап өткеніміздей, бұл ел осы проблеманы кешенді түрде жаңа технологиялар көмегімен шешуге тырысып жатыр.

**Урбандалудағы жаһандық трендтің Қазақстандағы көрінісі.** Әлемдік урбандалу тренді Қазақстанда да көрініс табуда. Жыл сайын қала халқы мен қалалардың санының артуы байқалуда, сондай-ақ жалпы ішкі табыстың да көп мөлшерін осы ірі қалалар беріп жатқандығын байқауға болады. Осы тұрғыда «Экономикалық зерттеу институты» АҚ Қазақстан қалаларының өмір сүру сапасы мен жайлылығына баға беріп, мониторинг жасаған болатын. Бұл рейтинг 54 көрсеткіш 6 субфакторға топтастырылып және 13 категория негізінде жасалды. Ол категориялар төмендегіше:

1. Экономикалық өсім.
2. Материалдық әл-ауқат.
3. Еңбек нарығы.
4. Бизнес ортаны бағалау.
5. Қолданыстағы жұмыс күші.
6. Болашақтағы еңбек күші / білім.
7. Денсаулық сақтау.
8. Мәдениет, спорт және демалыс.
9. Көлік инфрақұрылымы.
10. Өмір сүру шарттары / жағдайы.
11. Қалалық ортаның жайлылығы.
12. Қауіпсіздік.
13. Қоршаған ортаның күйі [17].

«Экономикалық зерттеу институты» АҚ келтірген ақпараттары бойынша Қазақстанның 25 қаласының «экономика және бизнес», «адам ресурсы», «инфрақұрылым» факторлары бойынша өмір сүру сапасын көріп отырмыз (2-сурет).



Сурет 2 - Қалалардың факторлар бойынша рейтингі  
«Экономикалық зерттеу институты» АҚ мониторингісі [17] негізінде құрастырылды

